Айболған.

(мектепке дейінгі ұйым атауы)

# ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕГІ ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАЛАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАЛАР ЖУРНАЛЫ

2018 жыл.

Мұзарт.

ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫ



# ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕГІ
# ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАЛАРЫ, ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАЛАР
# ЖУРНАЛЫ

„Айгөлжан" бөбекжай балабақшасы.
(мдұ атауы)

Мұзарт. ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫ

**Тәрбиешілер** Әшірбаева. Г.
(есімі, тегі)

Холдарбекова. А.
(есімі, тегі)

Бекітемін___________

___________

Меңгерушісі___________

## Жаз мезгілінің күн тәртібі

| Күн тәртібінің кезеңдері | Уақыты(үлгі) | Балабақша әкімдігі бекіткен күн тәртібіндегі кезеңдер уақыты |
|---|---|---|
| Таңертеңгі дидарласу:<br>Таңғы жаттығу,<br>Таңғы ас | 8.00-9.20 | 8.00-9.20. |
| Ойын түрінде ұйымдастырылатын оқу қызметтер: | 9.20- 10.10 | 9.20-10.10. |
| Серуен | 10.10-12.50 | 10.10 - 12.50 |
| Гигиеналық шаралар,<br>Түскі ас | 12.50-13.20 | 12.50-13.20 |
| Түскі ұйқы | 13.20 -15.10 | 13.20-15.10 |
| Ұйқыдан ояну,<br>Шынығу,<br>Бесін ас | 15.10-16.00 | 15.10-16.00 |
| Серуен шығармашылық ермек ойындар | 16.00-17.40 | 16.00-17.40. |
| Үйге оралу | 18.00-19.00 | 18.00-19.00 |

Бекітемін___________

___________

Меңгерушісі___________

## Жаз мезгілінде ұйымдастырылатын оқу қызметтер кестесі
## айдың 1-3 аптасы

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім салалары | *Коммуникация* | *Шығармашылық* | *Денсаулық* | *Таным* | *Әлеумет* |
| Ойын түрінде оқу қызметтер: (үлгі)<br><br>уақыты | Көркем әдебиет 0,25,Драма 0,25/ Сөйлеуді дамыту 0,5 | Музыка0,25<br>Аппликация 0,25<br>Мүсіндеу 0,25<br>Сурет салу0,25 | Дене шынықтыру0,75/ Валеология0,25 | Жаратылыстану 0,5/Құрастыру0,5 | Қоршаған ортамен таныстыру0,5/ Экология0,5 |
| Балабақшаның өз кестесі | | | | | |

Бекітемін______________

Меңгерушісі______________

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

| № | Тақырыптар | Апталық тақырыптар |
|---|---|---|
| 1 | МАУСЫМ АЙЫ<br>Жайдары жаз келді! | 1. апта. Әрқашан күн сөнбесін<br>2. апта. Жазда келді көңілді<br>3. апта.Ғажайыптар әлемінде<br>4. апта.Табиғаттың гүлденуі<br>5. апта. Ертегілер елінде |
| 2 | ШІЛДЕ АЙЫ<br>Жайнай бер,<br>Қазақстаным! | 1. апта. Туған күніңмен - Астана<br>2. апта. Менің қалам<br>3. апта. Көңілді жарыстар<br>4. апта.Теңіздер мен мұхиттар әлемінде |
| 3 | ТАМЫЗ АЙЫ<br>Табиғат әлемі | 1. апта. Жабайы табиғат әлемі<br>2. апта. Жер Ана<br>3. апта. Мен және қоршаған орта<br>4. апта. Жыл құстары<br>5. апта. Ертең оқу басталады |

| | Апта тақырыптары | ***Коммуникация***<br>Көркем әдебиет 0,25,Драма 0,25/ Сөйлеуді дамыту 0,5 | ***Шығармашылық***<br>Мүсіндеу0,25, Музыка 0,25<br>Сурет салу 0,25<br>Аппликация0,25 | ***Денсаулық***<br>Дене шынықтыру0,75/ Қауіпсіз мінез құлық негіздері 0,25 | ***Таным***<br>Жаратылыстану 0,5/Құрастыру 0,5 | ***Әлеумет***<br>Қоршаған ортамен таныстыру0,5/ Экология0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жайдары жаз келді! (Маусым айы)** | **Әрқашан күн сөнбесін** | | | | | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Күні:** 01. 06<br>Өз отбасындағы жасы кіші балаларға қамқор болуды, оларға жақсы көру сезімдерін айта білуін қалыптастыру |
| | **Жазда келді көңілді** | **Көркем әдебиет**<br>**Күні:** 04. 06<br>Жайдары жаз қандай тақырыбында әңгімелесу. Жаз туралы тақпақ жаттау | **Музыка**<br>**Күні:** 05. 06.<br>Жаз туралы ән жаттау, сөзімен, ырғаққа сәйкес сөздерді анық айтуды қалыптастыру | **Дене шынықтыру**<br>**Күні:** 06. 06<br>Секіру, лақтыру, кедергілер үстінен төрттағандап өту | **Құрастыру**<br>**Күні:** 07. 06.<br>Табиғи қалдық материалдардан жаз мезгілінде тіршілік ететін жануарларды құрастыру | **Экология**<br>**Күні:** 08. 06.<br>Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін,олармен қауіпсіз өзара әрекет ережелерін меңгерту |
| | **Ғажайыптар әлемінде** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Күні:** 11. 06<br>Ғажайыптар әлемін қалай түсінетіндіктері туралы сұрау. Сөздік қорды жетілдіру | **Сурет салу**<br>**Күні:** 12. 06<br>Ғажайып алма бағының суретін ойдан ойлап салу | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері**<br>**Күні:** 13. 06<br>Күн, ауа және су біздің досымыз екендігін түсіндіру | **Жаратылыстану**<br>**Күні:** 14. 06<br>Жаз мезгілінің ерекшеліктері атау, табиғаттағы маусымдық өзгерсітерді тани білу. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Күні:** 15. 06<br>Ғажайып қалашықтың жолда жүру ережелерінің ерекшеліктерін атау, бекіту. |
| | **Табиғаттың гүлденуі** | **Драма**<br>**Күні:** 18. 06<br>Таныс сюжеттер бойынша ертегіні сахналау. | **Аппликация**<br>**Күні:** 19. 06<br>Тоғайдағы гүлдерді ұжыммен жапсыру дағдыларын пысықтау | **Дене шынықтыру**<br>**Күні:** 20. 06<br>Гимнастикалық сатымен жаттығулар | **Құрастыру**<br>**Күні:** 21. 06<br>Дайын пішілген кескіндерден гүл жасауды үйрету | **Экология**<br>**Күні:** 22. 06<br>Тірі табиғат нысандарына бақылау жасау, табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. |
| | **Ертегілер елінде** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Күні:** 25. 06<br>«Сегізбай және тышқан қыз» ертегісін оқу | **Мүсіндеу**<br>**Күні:** 26. 06.<br>Ертегідегі құлыншақтың бейнесін мүсіндеу | **Дене шынықтыру**<br>**Күні:** 27. 06<br>Қапшықтарды лақтыру жаттығулары | **Жаратылыстану**<br>**Күні:** __________<br>Ертегіде жиі кездесетін жануарларды атау, тіршілігі жайында айту. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Күні:** __________<br>Ертегілер елінен келген мамандық иелері, еңбектің мазмұны сипаты туралы түсінік беру. |

| Ай | Апта тақырыптары | *Коммуникация* Көркем әдебиет 0,25,Драма 0,25/ Сөйлеуді дамыту 0,5 | *Шығармашылық* Мүсіндеу0,25, Музыка 0,25 Сурет салу 0,25 Аппликация0,25 | *Денсаулық* Дене шынықтыру0,75/ Қауіпсіз мінез құлық негіздері 0,25 | *Таным* Жаратылыстану 0,5/Құрастыру 0,5 | *Әлеумет* Қоршаған ортамен таныстыру0,5/ Экология0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жайнай бер, Қазақстаным! (Шілде айы)** | Туған күніңмен - Астана | **Көркем әдебиет** **Күні:** 2.07 Астана туралы тақпақ жаттау. | **Музыка** **Күні:** 3.07 Астана күніне арналған ән жаттау | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері** **Күні:** 4.07 Тыныс алу мүшелерінің қызметі туралы білімдерін бекіту | **Құрастыру** **Күні:** 5.07 Астана қаласының жол жүру сызбасын құру, көліктер қозғалысы мен көше бұрылыстарын, аспалы көпір құрастыруды үйрету | **Экология** **Күні:**_____ Астана қаласының табиғатына бақылау жасау, табиғи құбылыстар туралы түсінік беру. |
| | Менің қалам | **Сөйлеуді дамыту** **Күні:** 9.07 Менің қалам тақырыбында өз ойларын айту. Граматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру. | **Сурет салу** **Күні:** 10.07 Сүйікті қалам (ауылым) сюжетті сурет салу | **Дене шынықтыру** **Күні:** 11.07 Еңкіш тақтай үстінен жүру жаттығулары | **Жаратылыстану** **Күні:** 12.07 Күннің жылуына байланысты жануарлардың тіршілік әрекетіндегі өзгерістерді бақылау. | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні:** 13.07 Электрлі заттар туралы түсінік беру. Өзінің тұратын жеріндегі электр заттарын тану, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Көңілді жарыстар | **Драма** **Күні:** 16.07 Ұзын бойлы қуыршақтармен балалардың сүйікті ертегісін айтып беру. | **Аппликация** **Күні:** 17.07 Құттықтау хат (сәндік жапсыру) | **Дене шынықтыру** **Күні:** 18.07 Бір орыннан ұзындыққа секіру | **Құрастыру** **Күні:** 19.07 Жарыс жүлдесі ретінде берілетін жұлдыздар жасау | **Экология** **Күні:** 20.07 Дәруменді жеміс жидектер мен көкөністер туралы түсінік беру. Жарысқа қатысу үшін дәрумендердің маңыздылығын түсіндіру. |
| | Теңіздер мен мұхиттар әлемінде | **Сөйлеуді дамыту** **Күні:** _________ Теңіздер мен мұхиттар жайлы айтып беру. Суреттер бойынша әңгіме құрау | **Мүсіндеу** **Күні:** _________ Судағы балықтар мен құстарды мүсіндеу | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері** **Күні:** _________ Су және тазалық құралдары | **Жаратылыстану** **Күні:** _________ «Лас суды тазарту» (тәжірибелік іс-әрекет)Балаларға суды тазарту туралы түсінік беру. Тәжірибелік-зерттеу әрекетін меңгеру. | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні:** _________ Судың адам өміріндегі және өсімдіктер тіршілігіндегі маңыздылығы |

| | | *Коммуникация* Көркем әдебиет 0,25,Драма 0,25/ Сөйлеуді дамыту 0,5 | *Шығармашылық* Мүсіндеу0,25, Музыка 0,25 Сурет салу 0,25 Аппликация0,25 | *Денсаулық* Дене шынықтыру0,75/ Қауіпсіз мінез құлық негіздері 0,25 | *Таным* Жаратылыстану 0,5/Құрастыру 0,5 | *Әлеумет* Қоршаған ортамен таныстыру0,5/ Экология0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Табиғат әлемі (Тамыз айы) | Жабайы табиғат әлемі | **Көркем әдебиет** **Күні: __________** Ғажап жануарлар әлемі шығарманың жалғасы мен соңын ойлап табу | **Музыка** **Күні: __________** Көңілді музыкаға сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру | **Дене шынықтыру** **Күні: __________** Арқан үстінде жасалатын жаттығулар | **Құрастыру** **Күні: __________** Қағаз цилиндірлерден оларды қосу әдісімен жануарларды жасай білуді үйрету | **Экология** **Күні:______** Жануарлар әлеміне сүйіспеншілікті тәрбиелеу |
| | Жер Ана | **Сөйлеуді дамыту** **Күні: __________** Жер ана тақырыбында балаларға түсінік беру, әңгімелету. | **Сурет салу** **Күні: __________** Жерде өсетін өсімдіктерді салу. | **Дене шынықтыру** **Күні: __________** Ирек жолмен тепе теңдік сақтап жүру жаттығулар | **Жаратылыстану** **Күні: __________** Табиғаттың жердегі барлық тіршілік негізі, ал адам оның бір бөлігі болып табылатынын түсіндіру | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні: __________** Ауыл адамдарының еңбегімен таныстыру |
| | Мен және қоршаған орта | **Драма** **Күні: __________** «Мақтаншақ алма» ертегі сюжеті бойынша ертегіні сахналау. | **Аппликация** **Күні: __________** Қоршаған ортадағы әсем үйлерді жапсыру | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері** **Күні: __________** Пайдалы және зиянды әдеттер | **Құрастыру** **Күні: __________** Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді бекіту | **Экология** **Күні:______** Бау - бақшада өсетін жемістер мен көкөністерге күтім жасау |
| | Жыл құстары | **Сөйлеуді дамыту** **Күні: __________** Жыл құстары жайында әңгімелесу. Суреттер бойынша ертегіні табу. | **Мүсіндеу** **Күні: __________** Әтеш пен күрке тауықты мүсіндеу | **Дене шынықтыру** **Күні: __________** Жылдамдыққа жүгіру | **Жаратылыстану** **Күні: __________** Жыл құстары көкек, қарлығаш, қараторғай, ұқақтың тіршілік әрекетімен таныстыру | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні: __________** Көлік түрлерімен таныстыру, құстар секілді ұшатын көліктерге теңеу таба білу |
| | Ертең оқу басталады | **Көркем әдебиет** **Күні: __________** Анамның көмекшісімін тақырыбында әңгіме құрау. | **Музыка** **Күні: __________** Білім күніне арналған тақпақтар мен өлеңдерді айтып дайындалу | **Дене шынықтыру** **Күні: __________** Жүріп келіп биіктікке секіру | **Құрастыру** **Күні: __________** Қағаз цилиндірлерден, оларды қосу әдісімен адам пішінін жасай білуді үйрету | **Экология** **Күні:______** Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. |

## МАУСЫМ АЙЫ - 1 апта

## Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

| Апта күндері | Дүйсенбі күні _______ | Сейсенбі күні _______ | Сәрсенбі күні _______ | Бейсенбі күні _______ | Жұма күні 01.06. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта тақырыбы** | Әрқашан күн сөнбесін! | | | | |
| **Білім салалары** | ***Коммуникация*** | ***Шығармашылық*** | ***Денсаулық*** | ***Таным*** | ***Әлеумет*** |
| **Таңертеңгі дидарласу:** уақыты $8^{00}-9^{20}$<br>**Таңғы жаттығу,**<br><br>**Таңғы ас уақыты**________ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп, сәлемдесу.<br><br>Таңғы жаттығу 1-2 апта комплексі<br><br>Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс отырып, ас ішу құралдарын пайдаланудың және тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.<br>Тамақты жегенде аузын жауып, асықпай жеуді пысықтау. | | | | |
| **Оқу қызметтер:** уақыты $9^{20}-10^{10}$ | | | | | Қоршаған ортамен таныстыру |
| **Серуен** уақыты $10^{10}-12^{50}$ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | | | | | **Ауа райы Табиғат** Жаз мегілінің ерекшелігін тамашалау |
| | ойындар: | | | | |
| | ***«Балалар ғаламшардың иесі»*** ата аналармен мерекелік іс шара ұйымдастыру.<br>Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын. *Қимылды ойын:* Соқыр қойшы.<br>Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар, түскі ас** уақыты $12^{50}-13^{20}$<br><br>**Ұйқы** уақыты $13^{20}-15^{10}$ | Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуу.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.<br><br>Дастархан әзірлеуге көмектесу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақтардың атауларын білу. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.<br>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.<br><br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап н\е іліп қоюын қалыптастыру. | | | | |
| **Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты** $15^{10}-16^{00}$ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыру.<br>Кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүру.<br><br>Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту.<br>Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балаларды шаштарын тарап, жинап алуға дағдыландыру.<br><br>Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде әдептілік танытуды дамыту | | | | |
| **Серуен шығармашылық ермек ойындар,** $16^{00}-17^{40}$ **уақыты** | «Ту түякі». қ/о | «Ақ серек көксерек» қ/о | «Соқыр теке» қ/о | «Сақина жасыру» қ/о. | «Тышқан ұстаушы» қ/о |
| **Үйге оралу** | $18^{00}-19^{00}$. | | | | |

**№ 1 технологиялық карта.**
**Күні:** 01. 06.

**Білім беру салалары:** «Әлеумет»
**Ұйымдастырылатын оқу қызмет:** Қоршаған ортамен таныстыру
**Тақырыбы:** «Әрқашан күн сөнбесін»
**Мақсаты:** Өз отбасындағы жасы кіші балаларға қамқор болуды, оларға жақсы көру сезімдерін айта білуін қалыптастыру
**Көрнекілік құралдар:** Жаз мезгілінің көріністері. Отбасы мүшелерінің суреттері.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | -Балалар жылдың қай мезгілі?<br>-Жаз мезгілінің қай айы? Ендеше балалар жаз мезгілінде барлық жеміс пен көкөністеріміз пісіп, гүлдер гүлдеп молшылық болады. Күн ыстық болады. Ағаштардың жапырақтары жасыл түске боялады және бүгін 1 маусым балаларды қорғау күні мерекесі. | Жыл мезгілін, жаз мезгілінің айларын балалар толық біледі,ерекшеліктерін айыра білді. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Осы мереке туралы не білесіңдер деп балалардың өз ойларын сұрау.<br>Суреттер арқылы мереке туралы айтып беру. Балалардың өздерінен кішкентай балаларға қамқоршы болуы керектігі туралы айту. Қалай қамқорлық жасаймыз деп ситуациялық жағдаяттарды мысалға келтіру.<br>Бүгін бала бақша ауласында мерекеге орай арнайы іс-шара өткізілетінін айтып, балаларды серуенге алып шығу | Балалардың әр түрлі жауаптары |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балалардың жұмысын бағалап, әңгімелеп беру.<br>Сұрақ-жауап арқылы бүгінгі тақырып қорытындыланады. | Балаларды қорғау күні мерекесі жайлы толық білгендерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** жыл мезгілін, жаз мезгілінің айларын
**Түсінеді:** 1 маусым балаларды қорғау күні мерекесін
**Қолдана алды:** суреттер арқылы мереке туралы айтып беруді.

01. 06. 18ж.
Текс.

## МАУСЫМ АЙЫ - 2 апта
## Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

| Апта күндері | Дүйсенбі<br>күні 04.06 | Сейсенбі<br>күні 05.06 | Сәрсенбі<br>күні 06.06 | Бейсенбі<br>күні 07.06 | Жұма<br>күні 08.06 |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта тақырыбы | | | | | |
| Білім салалары | *Коммуникация* | *Шығармашылық* | *Денсаулық* | *Таным* | *Әлеумет* |
| Таңертеңгі дидарласу: уақыты 8⁰⁰-9²⁰<br>Таңғы жаттығу,<br><br>Таңғы ас уақыты________ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру.<br><br>Таңғы жаттығу 1-2 апта комплексі<br><br>Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс отыру қалыпын сақтап, ас ішу құралдарын пайдаланғанда тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Тамақты жегенде аузын жауып, асықпай жеуді пысықтау. | | | | |
| Оқу қызметтер:<br>уақыты 9²⁰-10¹⁰ | **Көркем әдебиет**<br>Жайдары жаз қандай тақырыбында әңгімелесу. Жаз туралы тақпақ жаттау | **Музыка**<br>Жаз туралы ән жаттау, сөзімен, ырғаққа сәйкес сөздерді анық айтуды қалыптастыру | **Дене шынықтыру**<br>Секіру, лақтыру, кедергілер үстінен төрттағандап өту | **Құрастыру**<br>Табиғи қалдық материалдардан жаз мезгілінде тіршілік ететін жануарларды құрастыру | **Экология**<br>Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін,олар-мен қауіпсіз өзара әрекет ережелерін меңгерту |
| Серуен<br>уақыты 10¹⁰-12⁵⁰ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | **Құстар**<br>Аулаға ұшып келген құстардың дауысын тыңдап, тіршілігін бақылау. Үй және дала құстарының өмір сүру жағдайын әңгімелеу | **Желілі ойын**<br>«Гипер маркет», «Азық түлік дүкені» | **Сахналау**<br>«Дүниеде не күшті» И.Хасен ұлы | **Киімдерге бақылау**<br>Жазғы киімдердің ерекшеліктерімен танысу | **Мультфильм Қимылды ойын (жаңа)**<br>Балалар ұнататын мультфилімін көрсету, мазмұнын әңгімелету. |
| | ойындар:<br>Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын.<br>«Арқан тарту » ойынын ұйымдастыру. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| Гигиеналық шаралар<br>Түскі ас уақыты 12⁵⁰-13²⁰<br><br>Ұйқы уақыты 13²⁰-15¹⁰ | Серуеннен кейін беті қолын мойынын салқын сумен жуу.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.<br><br>Дастархан жаюға көмектесу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақтардың атауларын білу. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.<br>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.<br><br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, іліп қоюын қалыптастыру. | | | | |
| Ұйқыдан ояну шынығу,<br>бесін ас уақыты 15¹⁰-16⁰⁰ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыру. Кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүру.<br><br>Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын тарап, жинап алу.<br><br>Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде әдептілік таныту. | | | | |
| Серуен шығармашылық ермек ойындар,<br>16⁰⁵-17⁴⁰ уақыты | «Жүгіріп өтіп үлгер» қ/о | «Қу түлкі»қ/о | «Кім тезірек»қ/о | «Жіптен секіру» қ/о | «Соқыр қойшы» қ/о |
| Үйге оралу | 18⁰⁰-19⁰⁰ | | | | |

## № 1 технологиялық карта.

Күні: 04.06

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Көркем әдебиет
**Тақырыбы:** «Жазда келді көңілді»
**Мақсаты:** Жайдары жаз қандай тақырыбында әңгімелесу. Жаз туралы тақпақ жаттау
**Қолданылатын көрнекіліктер**: Ертегі атрибуттары, суреттер.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалар шеңбер жасап тұрып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіреді.<br>Міне, менің қолым бос.<br>Балалар , бір-біріміздің қолымыздан ұстасып тұрғанда нені сезінеміз?<br>-Жылуды. Осы кезде жайдары жаз топқа кіреді. Сәлемдеседі. Жазбен қол ұстасып, жайдары көңіл күйді бір біріне сыйлау. | Шеңберге тұрып:<br>Армысың алтын күн<br>Армысың асыл жыр.<br>Армысың көк аспан<br>Армысың жан досым.<br>Жылуыма жылу қос.<br><br>Жазбен сәлемдеседі |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Жаз сұрақтары:<br>Далада қай мезгілі ?<br>-Оны біз қалай сезінеміз ?<br>-Қандай киім киеміз?<br>-Жазда жер беті қандай болады?<br>-Жаз туралы тақпақтар, өлеңдер білесіңдер ме?<br>Жайдары жаз балалар сендер жаз мезгілі туралы көп нәрсені біледі екенсіңдер. Ал енді балалар мен сендерге ойын ойнауды ұсынамын. Бірге ойнайық<br>Дидактикалық ойын:<br>«Қай кезде болады?»<br>Жаз ризашылығын білдіріп, балаларды мақтап, қоштасады.<br>Ал балалар олай болса біз жаз тағы конаққа келгенде айтып беретін тақпақ жаттайық деп, жаз туралы тақпақ жаттату. | Жаз сұрақтарына жауап береді.<br><br>Жаз туралы білетін тақпақтары мен өлеңдерін айтады.<br><br>Ойынға қатысады.<br><br>Тақпақ жаттауға келіседі. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Балалар жаз туралы пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Жаз мезгілінің айларын.
**Түсінеді:** Жаз мезгілінің ерекшеліктері.
**Қолдана алды:** Балалар жаз туралы пікірлерін

## №2 технологиялық карта

күні 05.06.

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет :** Дене шынықтыру
**Көрнекілігі:** Орындық, доп

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Аяқтың ұшымен, өкшесімен жүру, 1,5 минутка дейін жүгіру жаттығулары. Жүгіру және секіру ойын жаттығулары.<br>**Жан жақты дамытушы жаттығулар:** осы айдағы таңертеңгі жаттығулар кешенін қайталау | Жаттығуларды ұқыпты орындайды |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Неізгі қимылдар:** Орындық үстінен тізені жартылай бүгіп секіріп түсу. Допты асыра лақтыру, кедергілер төрттағандап еңбектеп өту жаттығулары.<br>Қимылды ойын: «Таяқшаға ілінген сақина» | Тәртіп сақтап ойнайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Жаттығулар жайында пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Дене шынықтыру денсаулыққа пайдасын
**Түсінеді:** Таяқшаға ілінген сақина ойынын ойнауды
**Қолдана алды:** Жаттығулар жайында пікірлерін.

**№ 3 технологиялық карта.**

**Күні:** 06. 06

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Жазда келді көңілді»

**Мақсаты:** Табиғи қалдық материалдардан жаз мезгілінде тіршілік ететін жануарларды құрастыру

**Қолданылатын көрнекіліктер**: Жануарлардың суреттерін.

| Оқу қызметтің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті. | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Шаттық шеңбер ден соң балаларға ғажап себетті көрсету ішінде не бар ашып көру | Таңдана қарайды |
| Ұйымдастырушы-ізденуші |  Себеттің ішінде пластилинмен пісте дәндерінен жасалған кірпі отыр оның қолында хаты бар Балаларды орындарына отырғызып кірпі әкелген хатты оку. Балалар сәлеметсіңдер ме, мен достарымды жоғалттым сендер маған дос тауып беріңдерші. Тәрбиеші балаларға кірпіні көрсетіп ол пластилиннен мен пістеден жасалған бізде ол заттар барғой мен сендерге жасауды үйретем сендер кірпіге дос жасаңдар деп балаларға пластилин пісте дәндерін ұсынады.<br>Сергіту сәті<br>Балалар орнынан тұрып саусақ жаттығуын жасайды<br>Біздің алақан кірпі денесі,<br>біз денені жаямыз.<br>Саусақтарымыз кірпі тікенегі<br>біз оларды ашып жұмамыз .<br>Осылай жылдам қимылдап<br>жаудан жылдам сақтанамыз | Хатты тыңдап орындауға келіседі<br><br>Пластилин мен пісте дәнімен үлгі бойынша жұмыс жасайды |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Кірпілерді аяқтап болған соң кім қандай кірпі жасады қорытып бағалайды. Келген кірпі жанына достарын орналастырады | Жасаған жұмысына баға береді |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Пластилин мен пісте дәнімен кірпі жасауды

**Түсінеді:** Табиғи қалдықтардан әрекеттегі жануарларды

**Қолдана алды:** Пластилин мен пісте дәндерін.

**№ 4 технологиялық карта.**

күні 07. 06

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Экология »

**Тақырыбы:** «Жазда келді көңілді»

**Мақсаты:** Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін,олармен кауіпсіз өзара әрекет ережелерін меңгерту

**Көрнекілігі:** Өсімдіктермен жануарлардың суреттері.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалар шеңбер жасап тұрып, бір-біріне бұрынан таныс ертеңгілік жылы лебіздерін қайталатып айтқызу<br>Топқа дым білмес кіріп келіп ой сендер кімсіңдер қандай баласыңдар деп шошып кетеді.<br>Тәрбиеші балалар дымбілмес бізді танымай тұр екен кане «Біз қандаймыз» өлеңін айтып берейікші?<br>Балалар маған ағаларым тапсырма берген еді сендер жақсы балалар екенсіңдер маған көмектесесіңдер ме? | Лебіздерін айтады.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз<br>Шұғалы таңдаймыз,<br>Күлімдеген күндейміз<br>Еш уайымды білмейміз<br>Біз осы топтың балалармыз деп өздерін таныстырады.<br>Иә көмектесеміз |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Мына суреттерге қараңдаршы маған осы суреттерден бау мен бақшаны ажыратып олардың беретін өнімдерін тауып алып баруым керек.<br>Балалар суреттерді бөліп бау мен бақшаның айырмашылығын дымбілмеске түсіндірейік деп ұсыныс жасайды.<br>Ал дымбілмес сен түсіндің бе? Иә түсіндім бірақ маған ағаларым бау мен бақша өнімдерін алып келуді тапсырды оны қайдан аламын? Балалар біз өнімдерді қайдан алсақ болады? Дымбілмеске көкөніс пен жемістерді беруді жөн көреді.<br>Ол үшін жұмбақ шешейік. Мен сендерге жеміс пен көкөністер туралы жұмбақ жасырам сендер жауабын табасыңдар, әр бір өнімнің қайда өсетінін айтып сол өнімді дымбілмеске сыйлайсыңдар. | Балалар келіседі.<br>Суреттерді бөледі айырмашылығын айтып түсіндіреді.<br>Топтағы өнімдерді берейік деп ұсынады.<br>Балалар жұмбақты шешіп, жеміс пен көкөністерді дымбілмеске сыйлайды. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Дымбілмес ризашылығын білдіріп, балалармен қоштасады.<br>Балаларға бүгінгі іс- әрекеттері бойынша сұрақтар қояды. Мақтап, мадақтайды. | Дымбілмеспен қоштасады.<br>Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Бау мен бақшаны ажырата біледі.

**Түсінеді:** Жеміс пен көкеністің айырмашылығын.

**Қолдана алды:** Бақша ауласындағы өсімдіктерге күтім жасауды.

**№ 5 технологиялық карта.**

күні 08.06.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Музыка»

**Тақырыбы:** «Жазда келді көңілді»

**Мақсаты:** Жаз туралы ән жаттау, сөзімен, ырғаққа сәйкес сөздерді анық айтуды қалыптастыру

**Көрнекілігі:** Жазғы көріністің суреттері

| Оқу қызметтің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті. | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Жаз көңілді тамаша<br>Ән саламыз жараса<br>Тағы да айтып би-билеп<br>Ойнаймыз-ау тамаша. | Балалар өлеңді қайталайды. |
| Ұйымдастырушы-ізденуші | Балалар бізге көңілді жазда келіп жетіпті.<br>Жаз мезгілі ұнайды ма?<br>Жазда күн ыстық, шомылады балалар.<br>Демалыста қыдырады.<br>Жотиы таулы жеміске<br>Көк майсалы егіске<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың<br>(Жаз) | Иә ұнайды.<br>Иә<br>Жаз. |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Ойыншықтар көп екен<br>Бірге ойнайық балалар<br>Қуыршақ машина көп екен<br>Жарысайық, алақай<br>Балаларды мақтап мадақтау | Балалар риза болып қалады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Балалар „Жазда келді көңілді" жыр

**Түсінеді:** Жаз мезгілі өлең ыстық мезгіл екені

**Қолдана алды:** Жұмбақ, ойын арқылы

04.06 – 08.06. 18 ж.
Текс. [signature]

**№ 5 технологиялық карта.**

күні 08.06.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Музыка»
**Тақырыбы:** «Жазда келді көңілді»
**Мақсаты:** Жаз туралы ән жаттау, сөзімен, ырғаққа сәйкес сөздерді анық айтуды қалыптастыру
**Көрнекілігі:** Жазды көріністің суреттері

| Оқу қызметтің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті. | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Жаз көңілді топаға<br>Ән саламыз жараса<br>Тақпақ айтып би-билеп<br>Ойнаймыз-ау далаға. | Балалар өлеңді қайталайды. |
| Ұйымдастырушы-ізденуші | Балалар бізге көңілді жазда келіп жетіпті.<br>Жаз мезгілі ұнайды ма?<br>Жазда күн ыстық, шомылады балалар.<br>Демалыста қыдырады.<br>Құйты тағы жеміске<br>Көк майсалы есікке<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың<br>(жаз) | Ия ұнайды.<br>Ия<br><br><br><br><br>Жаз. |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Ойыншықтар көп екен<br>Бірге ойнайық баладай<br>Жоқарай шалғын көк екен<br>Жорысайық, қоңдай<br>Балаларды мақтап мадақтау | Балалар риза болып қалады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Балалар „Жазда келді көңілді" әнін
**Түсінеді:** Жаз мезгілі өлең ыстық мезгіл екенін
**Қолдана алды:** жұмбақ, ойын әрқылы

04.06 – 08.06.18 ж.
Тексер. [signature]

## МАУСЫМ АЙЫ - 3 апта
## Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

| Апта күндері | Дүйсенбі<br>күні 11.06 | Сейсенбі<br>күні 12.06 | Сәрсенбі<br>күні 13.06 | Бейсенбі<br>күні 14.06 | Жұма<br>күні 15.06 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта тақырыбы** | Ғажайыптар әлемінде | | | | |
| **Білім салалары** | ***Коммуникация*** | ***Шығармашылық*** | ***Денсаулық*** | ***Таным*** | ***Әлеумет*** |
| **Таңертеңгі дидарласу:**<br>уақыты 8⁰⁰-9²⁰<br>**Таңғы жаттығу,**<br><br>**Таңғы ас уақыты**________ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп, топтағы балалармен сәлемдесу.<br><br>Таңғы жаттығу 3-4 апта комплексі<br><br>Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай жеуді пысықтау. | | | | |
| **Оқу қызметтер:**<br>уақыты 9²⁰-10¹⁰ | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ғажайыптар әлемін қалай түсінетіндіктері туралы сұрау.<br>Сөздік қорды жетілдіру | **Сурет салу**<br>Ғажайып алма бағының суретін ойдан ойлап салу | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері**<br>Күн, ауа және су біздің досымыз екендігін түсіндіру | **Жаратылыстану**<br>Жаз мезгілінің ерекшеліктерін атау, табиғаттағы маусымдық өзгерсітерді тани білу. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ғажайып қалашықтың жолда жүру ережелерінің ерекшеліктерін атау, бекіту. |
| **Серуен**<br>уақыты 10¹⁰-12⁵⁰ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | **Өсімдіктер**<br>Жуа, сәбізді өсіру жолдарымен танысу, су құю, бабтау жұмысына қатыстыру, бақшада не өсетінін әңгімелету | **Дидактикалық ойын (жаңа)**<br>«Қайда өседі - бауда ма бақшадама?»<br><br>«Қандай зат жоғалды» | **Сахналау**<br>Өткен қойылымды қайталау, рөлдерді сомдауды пысықтау | **Дидактикалық ойын (таныс ойынды қайталау)** | **Ауа райы, Кітаптар әлемі**<br>Аспан мен жердің айырмашылығын таныту, күндіз не болады, түнде не болады әңгімелету. Ата аналар әкелген жаңа кітаптармен танысу суреттерін тамашалап, әңгімелеу |
| | ойындар:<br>Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын. *Қимылды ойын:* Қармақ<br>Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар, түскі ас**<br>уақыты 12⁵⁰-13²⁰<br><br>**Ұйқы**<br>уақыты 13²⁰-15¹⁰ | Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуу.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.<br><br>Дастархан жаюға көмектесу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақтардың атауларын білу. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.<br>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.<br><br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны орындыққа іліп қоюын қалыптастыру. | | | | |
| **Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты** 15¹⁰-16⁰⁰ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыру. Кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүру.<br><br>Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын тарап, жинап алу.<br><br>Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде әдептілік таныту. | | | | |
| **Серуен шығармашылық ермек ойындар,** 16⁰⁰-17⁴⁰ **уақыты** | «Жерде қалма» қ/о | «Қарлы шеңбер»қ/о | «Доп мектебі»қ/о | «Кегли»қ/о | «Секіріп жүріп допты ұстау» қ/о |
| **Үйге оралу** | 18⁰⁰-19⁰⁰. | | | | |

**№ 1 технологиялық карта.**

күні 11.06.

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Сөйлеуді дамыту»
**Тақырыбы:** «Ғажайыптар әлемінде»
**Мақсаты:** Ғажайыптар әлемін қалай түсінетіндіктері туралы сұрау. Сөздік қорды жетілдіру
**Көрнекілігі:** Ойыншық жануарлар, жануарлардың әр түрлі суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалармен жылулық шеңберін жасау<br><br>Балаларды отырғызып, ғажайып деген сөзді қалай түсінетіндерін сұрау. Ойларын тыңдап болған соң, гажайып сөзіне түсінік беру. Ойнnан соң «Кітап орталығында» топқа хат келгенін хабарлап балаларға көрсетеді. | Армысың, асыл күн!»<br>Армысың, асыл жыр!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br>өз ойларын айтады<br>Ойынға қатысады.<br>Хатты ашып оқуын сұранады. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Хат ішінде әр түрлі жануарлар суреті болады<br>( аю, түлкі,қасқар, қоян, жолбарыс, мысық, ит, сиыр, ат) әр балаға бір суреттен беріп ол жануар үй жануар ма әлде жабайы жануар екенін ажыратып, сол жануар жайлы әнгіме жасайды. Балалардан бұл жабайы аңдарда қандай қасиеттер бар деп сұрайды<br>Жолбарыс мінезі қандай..........<br>Түлкі мінезі қандай..........<br>Піл мінезі қандай..........<br>Жираф мінезі қандай..........<br>Крокодил мінезі қандай..........<br>Дидактикалық ойын «Қай жануар немен қоректенеді»<br>Бегемот.............<br>Қасқыр............<br>АЮ............<br>Арыстан.........<br>Қоян...................<br>«Танып ал да, атын ата» Балаларға әртүрлі ойыншық жануарларды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін аныктауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. | Хаттың ішінен шыққан түрлі жануарлардың суретін тамашалайды.<br><br>Ойынға белсене қатысады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балалардың білімін қорытып, бағалап мақтайды | Бір - бірімен істегенін жұмыстарын әңгімелейді, ең пысық балаларды атайды,жақсы жұмысты неліктен жақсы деп санайтындарын айтады |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Жабайы аңдар орманда өмір сүреді.
**Түсінеді:** Жабайы жануар мен үй жануарларын.
**Қолдана алды:** Бір-біріне істеген жұмыстарын әңгімелеуді.

**№2 технологиялық карта**

күні 12.06

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Сурет салу»
**Тақырыбы**: «Ғажайыптар әлемінде»
**Мақсаты:** Ғажайып алма бағының суретін ойдан ойлап салу
**Көрнекілігі:** Алма бағының суреті.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Топқа сықырлы ағаш әкеледі онда балалардың ойынан пайда болатын алма бағы өседі дейді.Содан соң балаларға алма бағы жайлы түрлі слайдтар көрсетеді содан соң | Таңдана қарап,слайдтарды тамашалап, сұрақтарға жауап береді |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Балалардан көздерін жұмып ойланғанда қандай бақ елестейді деп бірнеше баланы сұрайды, сол елес негізіне алма бағын салыңдар деп балаларға тірлі түсті карандаштар мен қағаз береді. Балалар жұмысын аяқтаған соң тәрбиеші оларды ағаштын дініне іліп балалармен бірге сықырлы ағаштын көрікті болғанын тамашалайды | Елестеткен ойындағы алма бағын салады |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды, жұмысты талдайды | Салған суреттері бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Алма бағы жайлы ойларын.
**Түсінеді:** Алма ағашта өсетінін.
**Қолдана алды:** Алма бағын суретін салауды.

**№3 технологиялық карта**

күні 13.06

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Қауіпсіз мінез құлық негіздері
**Тақырыбы:** Ғажайыптар әлемінде
**Мақсаты:** Күн, ауа және су біздің досымыз

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалардың көңілін теледидарға аударады, алдына отырғызып жазғы табиғатты көрсетеді | Теледидар көреді |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Осындай сұлу табиғатты ластауға болама деп сұрайды. Өз үйіндегі аулала табиғатты қалай қорғайды балаларға сұрақтар қояды. Жұмбақтар жасырады:<br>Дәмі жоқ, түсі жоқ<br>Пайдаланбас кісі жоқ (Су) ........<br>Дидактикалық ойын «Табиғатқа не зиян, не пайда келтіреді» | Сұрақтарға жауап береді<br><br><br><br><br><br>Ойын ойнайды. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Балалар ертегі мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Табиғатқа не зиян, не пайда келтіретінін.
**Түсінеді:** Күн, ауа, су бізге көмектескен.
**Қолдана алды:** Сұлу табиғатты ластауға болмайтынын.

**№4 технологиялық карта**

күні 14.06

**Білім беру саласы:** «Таным»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану
**Тақырыбы:** Ғажайыптар әлемінде
**Мақсаты:** Жаз мезгілінің ерекшеліктері атау, табиғаттағы маусымдық өзгерсітерді тани білу

| Оқу қызметтің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар бізге орманшы ағайдан хат келіпті<br>Сәлеметсіздер ме. Менің жас достарым!<br>Мен сендерге тапсырмалар мен сұрақтар жібердім.<br>Сол сұрақтарға дұрыс жауап берген балаларға жұлдызшалар беріледі.<br>Сендер тәрбиешінің айтқанын жақсылап естеріңе сақтап, тапсармаларды орындауға тырысыңдар.<br>Орманшы аға | Балалар қуанады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Қазір сендер әуен тыңдайсыңдар.**<br>**Ненің дыбастарын естіп тұрмыз?**<br>Жарайсыңдар балалар!<br><br>**Сергіту сәті**<br>Бала, бала, балақай,<br>Қол соғайық, алақай!<br>Бір,екі,үш деп айтайық,<br>Саусақтарда тартайық.<br>Жалқау бала болмайық,<br>Қолды қысып, ойнайық.<br>Дидактикалық ойын<br>**Балалар екі шағын топқа бөлініп жарысып көрейік жаз тобы мен көктем тобы**<br>1.Жаз қандай? 1Көктем қандай?<br>2. Жазда не істейміз ? 2. Көктемде не істейміз ?<br>3 Жазда не болады ? 3.Көктемде не болады ? | Құстардың<br>Аңдардың<br>Жаңбырдың<br>Желдің<br>Жылғаның |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Оқу қызметті қорытындылап, балаларды бағалайды. | Балалар қуанады |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Маусым, шілде, тамыз айларын ерекшеліктерін
**Түсінеді:** Жаз мезгілімен көктем мезгілінің айырмашылығын.
**Қолдана алды:** Құстардың, аңдардың, жаңбырдың дыбыстарын.

**№5 технологиялық карта**

күні 15.06.

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Қоршаған ортамен таныстыру
**Тақырыбы:** Ғажайыптар әлемінде
**Мақсаты:** Ғажайып қалашықтың жолда жүру ережелерінің ерекшеліктерін атау, бекіту.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | «Кішкентай гүл»<br>Көтерілсе күнім,<br>Ашылады гүлім.<br>Кешкісін күн батады,<br>Гүл ұйқыға жатады.<br><br>Енді гүл оянады бір бірімізге күлімсірейік<br>Балалар көлік дүкеніне барғыларың келе ме? | Саусақ жаттығуларын жасайды.<br><br>Бір біріне күлімсірейді.<br>Иә |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Көлік дүкеніне барады көліктің түрлерімен таныстырады.<br>Көліктер арнайы көліктерге арналған жолдармен жүреді, ал адамдар жүргіншілерге арналған жолдармен ғана жүру керек екендігін түсіндіреді.<br>Суреттерді көрсетіп қандай жағдайларда қауіп төнетіні жайында әңгімелейді.<br>Ал енді аулаға шығып машинелерімізге мініп жол ережелерін сақтап «Сиқырлы таяқ» ойынын ойнайық | Балаларда өздері білетін көліктерді атайды.<br><br>Суреттердегі жағдайларды әңгімелейді.<br>Ойынға қатысады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Көліктер жайлы не білгендерін сұрайды. Мақтап, мадақтайды. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Жолда жүру ережелерінің ерекшеліктерін
**Түсінеді:** Көліктердің түрлерін.
**Қолдана алды:** суреттерді жағдайлардағы әңгімелеуді.

11.06 – 15.06.18
Тексерілді

## МАУСЫМ АЙЫ - 4 апта
## Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

| Апта күндері | Дүйсенбі күні 18.06 | Сейсенбі күні 19.06 | Сәрсенбі күні 20.06 | Бейсенбі күні 21.06 | Жұма күні 22.06 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта тақырыбы** | Табиғаттың гүлденуі | | | | |
| **Білім салалары** | ***Коммуникация*** | ***Шығармашылық*** | ***Денсаулық*** | ***Таным*** | ***Әлеумет*** |
| **Таңертеңгі дидарласу:**<br>уақыты $8^{00}$-$9^{20}$<br>**Таңғы жаттығу,**<br>**Таңғы ас уақыты**________ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау, киіп келген киімдерін өз бетінше шешіп, топта киетін киімдерін киіп, топтағы балалармен сәлемдесу.<br>Таңғы жаттығу маусым айы 3-4 апта комплексі<br>Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай жеуді пысықтау. | | | | |
| **Оқу қызметтер:**<br>уақыты $9^{20}$-$10^{10}$ | **Драма**<br>Таныс сюжеттер бойынша ертегіні сахналау. | **Аппликация**<br>Тоғайдағы гүлдерді ұжыммен жапсыру дағдыларын пысықтау | **Дене шынықтыру**<br>Гимнастикалық сатымен жаттығулар | **Құрастыру**<br>Дайын пішілген кескіндерден гүл жасауды үйрету | **Экология**<br>Тірі табиғат нысандарына бақылау жасау, табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. |
| **Серуен**<br>уақыты $10^{10}$-$12^{50}$ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | **Еңбек**<br>Аула сыпырушының еңбегіне бақылау жасау, қоқыстарды жинап, гүлзарларға, ағаштарға су құюды үйрету | **Табиғат**<br>Құм, тас, топырақ қасиеттерімен танысу, құмнан ертегі қалашығын жасауды үйрету | **Суретшілер студиясы**<br>Ауладығы гүлдер мен ағаштардың суретін салуды пысықтау | **Жәндіктер, жабайы аңдар**<br>Көбелекпен және жабайы аң арыстанмен таныстыру, салыстыру | **Сәлетшілер үйірмесі**<br>Құрастыру материалдарынан қуыршақтарға кереуетпен, диван құрастыру |
| | ойындар: | | | | |
| | Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын.<br>«Жас спортшылар» жарысын ұйымдастыру. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| **Гигие-эъ\\\\\\\\\\\\ х001+/*+налық *98/шаралар,**<br>**түскі ас уақыты** $12^{50}$-$13^{20}$<br>**Ұйқы уақыты** $13^{20}$-$15^{10}$ | Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуу.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.<br>Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақтардың атауларын білу. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.<br>Тамақтан соң ауызды сумен шаю.<br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны іліп қоюын қалыптастыру. | | | | |
| **Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты** $15^{10}$-$16^{00}$ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыру. Кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүру.<br>Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын тарап, жинап алу.<br>Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде әдептілік таныту. | | | | |
| **Серуен шығармашылық ермек ойындар,** $16^{00}$-$17^{40}$ **уақыты** | «Аюлар мен аралар» қ/о | «Кім тезірек жалауға жүгіреді?»қ/о | «Өрт сөндірушілер»қ/о | «Осылай жасайық»қ/о | «Қалпақ және кішкене таяқша» қ/о |
| **Үйге оралу** | $18^{00}$-$19^{00}$ | | | | |

## №1 технологиялық карта

күні 18.06

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Драма
**Тақырыбы:** Табиғаттың гүлденуі
**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегіні сахналау.

| **Оқу қызметтің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті.** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға жақсы көңіл күй жағдайын жасау сосын отырғызып, оларға қуыршақ кейіпкерлерін таныстыру. | Көңіл күйлерін көтеріп, |
| Ұйымдастырушы-ізденуші | Содан соң «________________________» ертегісін қуыршақтар театры арқылы тамашалату. Бұл ертегі кейіпкерлерінің тірлігін адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалату. Сосын бұрын таныс ертегі «Нан қайдан шығады» балаларға сахналату . Балалардың әртістік өнерін қолдау мақтау. «Бөлшектерден кейіпкерді құрастыр» атты дидактикалық ойын ойнатады. | Ертегіні тыңдап тамашалайды<br><br>Таныс ертегіні рөлдерге бөліп сахналайды<br><br>Ойынға қатысады |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Сонында балалардан бүгін не істегендері жайлы сұрап,қорытып тәртібі,өнері және сөйлегенін мақтап,мадақтайды. | Қатарларының әрекетіне өз пікірлерін айтады |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Нан қалай пайда болатынын
**Түсінеді:** Ойын арқылы кейіпкерді тануды.
**Қолдана алды:** қуыршақ театры арқылы меңгереді

## №2 технологиялық карта

күні 19.06

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет :** Аппликация
**Тақырыбы:** Табиғаттың гүлденуі
**Мақсаты:** Тоғайдағы гүлдер ұжымдық жапсыру дағдыларын пысықтау
**Көрнекілігі:** Гүлдер картиналары

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс әрекеті** | **Балалардың іс әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларға күн шуағын таратып әрқайсысына ізгі тілек айтқызып шуақты күнге апарып қосуды ұсынады. Осы құрастырылған күн сияқты сендерде бір - біріңмен дос болып жүрсіңдер деп керемет тоғайды көрсетеді бірақ онда гүлдер өспепті біз тоғайды гүлдендіреміз ба деп балалардан сұрайды | Әрқайсысы жеке ізгі тілек айтады<br><br>Тоғайды гүлдендіруге келіседі |
| **Іздену, ұйымдастырушы** | Онда картиналарды карап үлгіні таңдайық деп бірнеше гүлденген тоғай үлгілерінен біреуін таңдайды. Балаларды үш шағын топқа бөліп<br>1топ кызғалдақ<br>2топ інжу- маржан<br>3топ бақ- бақ гүлдерін тәрбиеші көрсеткен үлгі бойынша қыйып, тоғайға желімдеп жапсырады. Балаларға табиғат жайлы такпактар айтқызып ән айтқызады | Тоғайды қызғалтақ, інжу - маржан, бақ - бақ гүлдерімен толтырады. Қию, жапсыру әдістерін меңгереді<br><br>Ән мен тақпақтар айтады |
| **Рефлексивті корекциялаушы** | Балаларды мақтап, мадақтайды. | Балалар ұжымдық жұмыс мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Жаңғыртады:** табиғат жайлы өлең, тақпақ жаттады.
**Түсінеді:** Балалар топқа бөлініп гүл жапсыруды
**Қолданады:** Балалар табиғи гүлді ажырата білуді.

**№3 технологиялық карта**
күні 20.06

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру
**Көрнекілігі:** Гимнастикалық сатымен жаттығулар, орындық, шағын қапшықтар

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | 1,5 минутқа дейін баяу жүру, жүгіруге, тәрбиешінің белгісі бойынша тоқтап жүруге, жүгіруге жаттығу.<br>**Жан жақты дамытушы жаттығулар:** осы айдағы таңертеңгі жаттығулар кешенін қайталау | Жаттығуларды ұқыпты орындайды |
| **Іздену, ұйымдастырушы** | **Негізгі қимылдар:** Гимнастикалық сатымен рейка жібермей, басына дейін өрмелеп шығу. Текшелерді аттай отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүру. Қапшықты тізесімен қысып, қос аяқтап секіру.Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар» | Тәртіп сақтап ойнайды |
| **Рефлексивті корекциялаушы** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Жаттығулар жайында пікірлерін айтады. |

**Жаңғыртады:** негізгі қимыл жаттығуды жасауды
**Түсінеді:** сатымен өрмелеуді
**Қолданады:** қимылды ойын арқылы ойнайды.

**№4 технологиялық карта**
күні 21.06

**Білім беру саласы:** «Таным»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет :** Құрастыру
**Тақырыбы:** Табиғаттың гүлденуі
**Мақсаты:** Дайын пішілген кескіндерден гүл жасауды үйрету

| **Оқу қызметтің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті.** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды береміз<br>Тәрбиеші балаларға дәруменді шөптермен танысуды ұсынады. Слайд арқылы көрсетеді қандай емге шипалығын беретінін түсіндіреді . Содан соң | Шеңберге қатысады<br><br>Дәремен шөптермен танысады |
| Ұйымдастырушы-ізденуші |  Түмедақ гүлін көрсетіп таныстырады ондан жасалатын дәрілерді көрсетеді. Ал енді мен сендерге бұл гүлді жай көрсеткен жоқпын біз оны құрастырып жасап үйренеміз. Жасаған дәруменді гүлді ата - аналарыңа апарып таныстырасыңдар олар оның емін білетін болады<br>Балаларға тік төртбұрышты ақ 6 жолақшаларды ұсынады. Оларды ортасынан бүктеп шетін қиюды көрсетеді бұл гүлдің жапырақтары <br>Сары түсті шаршыдан бұрыштарын қидырып домалақ жасатады ол гүлдің ортасы. Жасыл қағазды алып үш бүктеп таякша жасатады ол сабағы, және бүктеу арқылы жасыл жапырағын жасатады. Бөліктер дайын болған соң құрастырып қағазға желіммен жапсыртады | Үлгі бойынша өз қалауымен жұмыс жасайды |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Балаларды жасаған жұмыстары үшін мақтап мадақтайды | Жасаған жұмысына ризалығын айтады |

**Жаңғыртады:** Түймедақ гүлінің емдік қасиетін
**Түсінеді:** балаларға тіктөртбұрыш қағаз гүл құрастыруды
**Қолданады:** Дайын бөліктерден гүл жасауды.

**№5 технологиялық карта**

күні 22.06.

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»

**Ұйымдастырылған оқу іс әрекет :** Экология

**Тақырыбы:** «Табиғаттың гүлденуі»

**Мақсаты:** Тірі табиғат нысандарына бақылау жасау, табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу

**Көрнекілігі:** табиғаттың суреттері

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларға қонаққа ара Майя келеді өзінің тіршілігін слайдтар арқылы балаларға таныстырады. Ол табиғаттың досы екенін түсіндіреді. Балалардан және тағы қандай табиғат достарын білесіндер деп сұрайды | Балалар тоқылдақ құсы, шаруа адамдары жайлы картиналар арқылы табиғатқа қандай қамқорлық жасайтынын айтады |
| **Іздену, ұйымдастырушы** | Енді осы аланды қарап, табиғатқа қандай көмек қажет деп балалардан сұрайды. Онда кәнеки жұмысты бастайық деп жер бетін қоқыстан тазалатып, өсімдіктерді суғарады.Ара Майя балалардың жұмысына риза болып, әр балаға арналған шағын құтыда бал силап қоштасып кетеді | Жер бетін қоқыстан тазалау, өсімдіктерді суғару дейді және тапсырма бойынша жұмыс орындайды |
| **Рефлексивті корекциялаушы** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Жасаған жұмыс мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Жаңғыртады:** Ара кейіпкері жайлы түсініктерін

**Түсінеді:** Балалар табиғаттың гүлденуіне көмектесуді

**Қолданады:** Ара құтыға бал салып қоштасады.

18.06 – 22.06.18ж.

Тексе [signature]

**№1 технологиялық карта**
күні 25.06

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет :** Сөйлеуді дамыту
**Тақырыбы:** Ертегілер елінде
**Мақсаты:** «Сегізбай және тышқан қыз» ертегісін оқу. Ертегі мазмұнын түсініп, мәнерлеп айтуды дамыту
**Көрнекілігі:** Ертегі кейіпкерлері

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалар мен есіктің алдынан мына қапшықты тауып алдым, ішін ашып көрейін. | Балалар қапшықтың ашылуын тағатсыздана күтеді. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Ой ішінде ертегі кітабі бар екен. Оқып берейін дейді. Ертегіні оқып береді. Дидактикалық ойын: «Дұрыс-дұрыс емес» | Ертегіні тыңдайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Балалар ертегі мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Жаңғыртады:** Ертегінің мазмұнын түсініп, мәнерлеп айтуды.
**Түсінеді:** Ертегі кейіпкерлерін
**Қолданады:** Балалар ертегі мазмұны бойынша пікір айтуды.

**№2 технологиялық карта**
күні 26.06

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу
**Тақырыбы:** Ертегілер елінде
**Мақсаты:** Ертегідегі құлыншақ мүсінін жасауда саусақ қимылдарының ептілігін дамыту
**Көрнекілігі:** Құлыншақ мүсіні

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Шаттық шеңберінде тұрып балаларға бір-біріне қарап мақтау сөз айтуды ұсынады. Содан соң құлыншақ мүсінін көрсетеді. | Бір біріне қарап мақтау сөз айтады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Осы құлыншақ мүсінін жасауды мен сендерге үйрстем деп мүсіндеу жұмысына арнайы жасақталган орынға балаларды отырғызады. Пластилиннен құлыншақтың мүсінін жасауды балаларға үйретеді. Дидактикалық ойын «Кімнің төлі» | Үлгі бойынша пластилиннен құлыншақ мүсінін жасайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Жұмыс сапасы бойынша пікірлерін айтады. |

**Жаңғыртады:** Саусақ қимылдарының ептілігін.
**Түсінеді:** Пластилиннен түрлі нәрсе жасауға болатынын.
**Қолданады:** Үлгі бойынша пластилиннен құлыншақ жасауды.

**№ 3 технологиялық карта.**

күні 27.06

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Денешынықтыру»
**Мақсаты:** Қапшықтарды лақтыру жаттығулары
**Көрнекілігі:** Доптар, қапшық

| **Іс-әрекет бөлімдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | ***Жүру, жан-жанжақты дамытушы жаттығулар***<br>1. Бір қатарда жүру, шашырап жүгіру.<br>2. Звеноға бөлініп орындық үстіне отыру.<br>3. Б.қ. тізені бүгіп орындық үстінде, қолды белге қойып отыру. Қолды жанға созу, жоғары көтеру, қолды жанға, б.қ. келу 6-8 р.қ.<br>4. Б.қ.3-тегідей қолды жанға созу оң жанға иілу, колмен еденге аяқ ұшын ұстау, б.қ. келу, сол жақта қайталау 6-8 р.қ.<br>5. Б.қ. орындық үстіне отырып, аяқты алға созып, қолды желкеде ұстап отыру, қолды жанға созу, оңға, жанға, алға еңкею б.қ. келу сол жақта орындау 6-8 р.қ.<br>6. Б.қ. орындық алдында тұру. Оң аяқты орындық үстіне қою, сол аяқты скамейка үстіне қою. Оң аяқпен орындықтан түсу, 6-8 рет қайталау.<br>7. Орындыққа арқасын беріп отыру. Орындықтың үстіңгі жағынан ұстап отыру, аяқты тік алға, жоғары көтеру. Б.қ.келу.<br>8. Орындыққа жанымен тұру, қолды жанға түсіріп тұру. Орындық жанында секіру. Алға жүріп секіру, артқа жүріп секіру.<br>9. Бір қатарда орындықты айналып жүру, жүгіру. | Шын көңілімен жаттығуларды орындап, қуаттанады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Негізгі қимылдар**<br>Жүгіріп келіп, биіктікке секіру. 3,5 м аракашықтықтан нысанаға қапшықты қолмен оң және сол иықтан лақтыру. Кеглилер арасынан қос аяқтап секіру.<br>**Қимылды ойын** «Біз көңілді балалармыз»,<br>«Қу түлкі», «Орамал тастамақ» | Тапсырмаларды орындайды. Ойынды көңілді ойнайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларды ортаға жинап бүгінгі қимыл жаттығулар жайлы сұрайды, қорытындылайды | Бір- біріне жаттығу жасаған жайлы баға береді |

**Жаңғыртады:** Бір қатарда жүру жаттығуларын.
**Түсінеді:** Қапшықтарды лақтыру жаттығуларын.
**Қолданады:** Бір-біріне жаттығу жасаған жайлы баға береді.

**№4 технологиялық карта**

күні 28.06

**Білім беру саласы:** «Таным»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану
**Тақырыбы:** Ертегілер елінде
**Мақсаты:** Ертегіде жиі кездесетін жануарларды атау, тіршілігі жайында айту.

| **Оқу қызметтің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | -қорбаң-қорбаң етеді, орман оның мекені -<br>- құйрығы ұзын, өзі қу -<br>- терісі ақ, сұр болады, өзі қорқақ -<br>- сұр, жыртқыш, орманда тұрады -<br>- кішкентай, сары, жаңғақ жинайды –<br>Жарайсыңдар балалар! Бұл жануарлар қайда мекендейді? | Аю<br><br>Түлкі<br>Қоян<br>Қасқыр<br>Тиын<br><br>Орманда |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Күннің суытуына байланысты ұйқыға жататын (аю, кірпі,тышқан,құрбақа, бақа) азық табатын (бұғы, бұлан), азықты алдын ала жинайтын (тиін) жануарларды ажырата білуге үйрету<br>Қыс түскенде кейбір аңдардың жүндері қалыңдап, түстерін өзгертетініне: сұр қоян ақ түске, тиіннің жирен түсінің сұр түске түлейтініне көңіл бөлу.<br>Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»<br>Балалар ойын барысында үй жануарларының суретін көре отырып,олардың атын атап, төлін тауып, қалай дыбыстайтынын көрсетеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы қырлы жерлермен<br>Ыткып-ыткып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің<br>Келе жаткан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің. | Ойын арқылы үй жануарларының атын атап,төлін тауып, қалай дыбыстайтынын көрсетті. |

| | | |
|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын:<br>«Қыста ұйықтайтын аңдарды қорша»<br>Дидактикалық ойын<br>"Үй жануарлары мен аңдарды ажыратып топта" | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Балалардан бүгін не істегендері жайлы сұрау. Мақтап, мадақтау | Балалар не істегендерін әңгімелейді |

**Жаңғыртады:** Ертегіде жиі кездесетін жануарлар.
**Түсінеді:** Үй жануарларымен дала жануарларын
**Қолданады:** Үй жануарларын суреттерін.

**№5 технологиялық карта**
күні 29.06

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»
**Ұйымдастырытылған оқу қызмет :** Қоршаған ортамен танысу
**Тақырыбы:** Ертегілер елінде
**Мақсаты:** Ертегілер елінен келген мамандық иелері, еңбектің мазмұны сипаты туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** Суреттер, доп

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларды шеңберге жинап ардақты аналарымызға арнап тілек айтайық дейді.Содан соң балалардың аналары кім болып істейді әңгімелеуді ұсынады | Шеңберге жиналып ардақты аналарына арнап тілек айтады. Аналарының мамандығын сипаттап таныстырады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Содан соң балаларға мамандықтар еліне саяхатқа барамыз дейді<br>Тақтаға жақындатады онда барлық мамандықтар жайлы шағын суреттер ілінген. Әр балаға бір суреттен алдырып таңдаған мамандығы жайлы әңгіме айтқызу.<br>Білетін мамандық жайлы тақпақтар айтқызу<br>Дидактикалық ойын допты тәрбиеші балаға лақтырады сұрақ қойып «Қай маманның құралы»<br>Қайшы ине...........<br>Тарақ , фен..........<br>Дәрі мен шприц..........<br>Микрофон, камера, фотоаппарат.. | Саяхатқа бару ынтансын білдіреді<br><br>Таңдаған мамандығы жайлы әңгіме айтады |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларды мақтап, мадақтайды. | Істеген әрекеттер мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Жаңғыртады:** Ертегілер елінен келген мамандық иелері.
**Түсінеді:** Мамандық жайлы түсінеді.
**Қолданады:** Істеген әрекеттер мазмұны бойынша пікірлерін айтады.

25.06 — 29.06.18 ж.
Теке

# ШІЛДЕ АЙЫ - 1 апта

## Өтпелі тақырып: «Жайнай бер, Қазақстаным!»

| Апта күндері | Дүйсенбі<br>күні _______ | Сейсенбі<br>күні _______ | Сәрсенбі<br>күні _______ | Бейсенбі<br>күні _______ | Жұма<br>күні _______ |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта тақырыбы** | Туған күніңмен - Астана | | | | |
| **Білім салалары** | ***Коммуникация*** | ***Шығармашылық*** | ***Денсаулық*** | ***Таным*** | ***Әлеумет*** |
| **Таңертеңгі дидарласу;**<br>уақыты 8⁰⁰ - 9²⁰<br>**Таңғы жаттығу,**<br>**Таңғы ас уақыты**________ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Балалардың көңіл-күйін бақылай, өз бетінше ойнау жағдайын ұйымдастыру. (көлік, қуыршақ орталығы)<br>Таңғы жаттығу 1-2 апта комплексі<br>Жуыну, тамақ ішу гигиеналық дағдыларын жітілдіру. Дастархан басында отыру әдебін сақтауды дамыту. | | | | |
| **Оқу қызметтер:**<br>уақыты 9²⁰ - 10¹⁰ | **Көркем әдебиет**<br>Астана туралы тақпақ жаттау. | **Музыка**<br>Астана күніне арналған ән жаттау | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері**<br>Тыныс алу мүшелерінің қызметі туралы білімдерін бекіту | **Құрастыру**<br>Астана қаласының жол жүру сызбасын құру, көліктер қозғалысы мен көше бұрылыстарын, аспалы көпір құрастыруды үйрету | **Экология**<br>Астана қаласының табиғатына бақылау жасау, табиғи құбылыстар туралы түсінік беру. |
| **Серуен**<br>уақыты 10¹⁰ - 12⁵⁰ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | **Құстар**<br>Қораздың әрекеттерін бақылау, қораз жайлы ертегіні еске түсіру, әңгімелеу. | **Желілі ойын**<br>*«Дәмхана», «Жол ережесі»* | **Сахналау**<br>«Бәйге» халық ертегісі | **Киімдерге бақылау**<br>Жазғы және қысқы бас киімдерді бақылау, салыстыру | **Мультфильм**<br>**Қимылды ойын (жаңа)**<br>Балалар ұнататын мультфилімін көрсету, мазмұнын әңгімелету. |
| | ойындар: | | | | |
| | Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын.<br>«Жазғы көңіл күй » жарыс және концерт ретінде ұйымдастыру. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар,**<br>**түскі ас**<br>уақыты 12⁵⁰ - 13²⁰<br>**Ұйқы**<br>уақыты 13²⁰ - 15¹⁰ | Серуеннен кейін жуыну процедурасын ұқыпты орындауды бақылау.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, сүлгіні өз орнына ілуді үйрету.<br>Дастархан жасауда кезекшілік қызметін атқаруға үйрету. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау. Тамақтан соң ауызды сумен шаюға дағдыландыру.<br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Ііліп қою тәртібін сақтауды қалыптастыру, жетілдіру. Өзінің жатын орнын дайындап, түскі ұйқыға жату. | | | | |
| **Ұйқыдан ояну шынығу,**<br>**бесін ас**<br>**уақыты** 15¹⁰ - 16⁰⁰ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыруды.<br>Ригалық әдісімен балаларды сауықтыру.<br>Киінгенде ретін сақтап киінуді дамыту. Киімдерін ұқыпты, тез киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Айнаға қарап сәндеуді қалыптастыру.<br>Тамақтану талаптарын орындап, тамақтануды қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен шығармашылық ермек ойындар,**<br>16⁰⁰ - 17⁴⁰ **уақыты** | «Кім заттарды көбірек жинайды?» қ/о | «Доп кімде?»қ/о | «Таяқша ілінген сақина»қ/о | «Бүрге» қ/о | «Айгөлек» қ/о |
| **Үйге оралу** | 18⁰⁰ - 19⁰⁰ | | | | |

**№1 технологиялық карта.**
**Күні:** 9. 07.

**Білім беру саласы: «**Коммуникация».
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сөйлеуді дамыту
**Тақырыбы:** «Менің қалам»
**Мақсаты**: Менің қалам тақырыбында өз ойларын айту. Граматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру.

| **Іс-әрекет бөлімдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | «Мен ең әдемімін» психогимнастика.<br>«Сөз таңда» ойыны<br>«Қала» деген сөзді айтқанда біздің көз алдымызға не елестейді.<br>«Менің әсем қалам» сөзі нені білдіреді.<br>Ал енді экраннан біздің қаламыздың көрнекті орындары жайлы фильмді тамашалайық | Психогимнастикаға қатысады.<br><br>Өз ойларын айтады.<br><br>Фильмді тамашалайды. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Сонымен балалар біздің әсем қаламыз қалай аталады?<br>Оның көрнекті жерлерін атап беріңдер<br>Қаланың әсем болып қалуы үшін тазалық сақтап, көпшілік орындарда бұзықшылық істемей, ағаштарды сындырмай, гүлдерді жұлмай қамқор болуымыз керек. Қалада көптеген көшелер бар, қаламыздың үлкен көшелерінің атауын білесіңдер ме?<br>Біздің балабақшамыз қай көшеде орналасқан?<br>«Ойлан тап »дидактикалық ойын<br>Тәрбиеші қаланың көрнекті жерлерінің суретін көрсетеді балалар сол жердің қалай аталатынын айтады. | Көрнекті жерлерді атайды.<br><br>Қалаға қалай қамқор болатындарын айтады.<br>Көшелердің аттарын атайды<br>Балабақшаның көшесін айтады<br>Ойынға қатысады |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларға қаланың әсем жерлеріне барғандары жайлы әңгімелесіп, қорытады. Мақтап мадақтайды | Балалар өздерінің қай жерлерде болғанын әңгімелейді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Қалаға қалай қамқор болатындарын айтады.
**Түсінеді:** Қаланың әсем болып қалу үшін тазалығын сақтау.
**Қолдана алды:** Балалар өздерінің қай жерлерде болғанын әңгімелеу.

**№2 технологиялық карта.**
**Күні:** 10. 07

**Білім беру саласы: «**Шығармашылық».
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сурет салу
**Тақырыбы:** «Менің қалам»
**Мақсаты**: Сүйікті қалам (ауылым) сюжетті сурет салу

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс -әрекеті** | **Балалардың іс -әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларды шаттық шеңберіне жинайды.<br>Жылы лебіздерін тілетеді.<br>Балаларға өздернің тұратын қаласының бірнеше суреттерін көрсетіп, тамашалатады. | Жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Суреттерді тамашалайды |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Балалар біздің тұрып жатқан қаламыз қандай әсем. Біз осы қаламызды бейнелеп үйренейік. Үлгіде көрсетілген суреттердің қалағанын салыңдар. | Қала жайлы білетіндерін айтады.<br><br>Суреттерге қарап қаланы бейнелейді |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балалардың жұмысын қорытып мақтап, мадақтайды. | Салған суреттері бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** суреттерге қарап қаланы бейнелейді.
**Түсінеді:** Біздің тұрып жатқан қаламыз әсем екенін.
**Қолдана алды:** Салған суреттері бойынша пікірлерін айтады.

**№3 технологиялық карта**
күні 11.07.

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру
**Мақсаты:** Еңкіш тақтайлар үстімен жүру, допты алып нысанға лақтыру
**Көрнекілігі:** Доп, тақтай, орамал

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | **Жүру, жүгіру жаттығулары** :жүру мен кезектестіре жүгіру.Бір жаққа және кері бұрылып жүру жүгіру<br>**Жан жақты дамытушы жаттығулар** циклограмма журналында шілде айындағы жаттығулар кешенін қайталау | Жаттығуларды ұқыпты орындайды |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Негізгі қимыл:**Еңкіш тақтай үстінен жүру, допты алып нысанға лақтыру<br>Қимылды ойын «Орамал тастау» | Тәртіп сақтап ойнайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларды мақтап, мадақтайды. | Іс әрекеттерін бағалайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Жүру, жүгіру жаттығуларын
**Түсінеді:** Жаттығу жасағанда мұқият болу керектігін.
**Қолдана алды:** Жаттығуларды ұқыпты орындайды.

**№4 технологиялық карта.**
**Күні:** 12.07.

**Білім беру саласы: «**Таным».
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану
**Тақырыбы:** «Менің қалам»
**Мақсаты**: Күннің жылуына байланысты жануарлардың тіршілік әрекетіндегі өзгерістерді бақылау.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс -әрекеті** | **Балалардың іс -әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларға жыз мезгілдерін еске түсіріп атауды және сипаттап салыстыруды ұйымдастыру | Үй жануарларын атап сипаттайды ерекшелігін айтады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | «Бұл қай кезде болады» дидактикалық ойын ұйымдастырып тақырыпты пысықтау.<br>Балалардан өздері танитын жануарлар туралы сұрау. Үй жануарларын көрсетіп, олардың жаз мезгіліндегі тіршілік әрекеті туралы айтқызу.<br>Сергіту сәті<br>Видео сергіту.<br>Үйінде қандай жануар бар екенің сұрау, ол туралы айтып беру. Немесе қандай жануарды жақсы көреді. Оның тіршілік әрекетін сипаттап беру. | Дидактикалық ойынға белсенді қатысады<br><br>Сергіту сәтін жасайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтайды. | Балалар ертегі мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Балалар жыл мезгілдерін еске түсіру.
**Түсінеді:** Балалардан өздері танитын жануарлар туралы сұрау.
**Қолдана алды:** Үй жануарларын атап сипаттайды.

**№5 технологиялық карта.**
**Күні:** 13.07.

**Білім беру саласы:** «Әлеумет».
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Қоршаған ортамен таныстыру
**Тақырыбы:** «Менің қалам»
**Мақсаты**: Электр заттар туралы түсінік беру. Өзінің тұратын жеріндегі электр заттарын тану, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балармен шаттық шеңберін жасап, куаттану.Электр заттар дүкеніне саяхат жасауға шақыру | Шаттық тілектерін бір біріне айтады, саяхатка шығуға келіседі |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Дүкенде дүкенші балаларға электр заттарды таныстырады, қолдану жолдарын көрсетеді. Тәрбиеші дүкеннен сусын сыққыш, үстел үсті шамын сатып алады. Балалармен топқа қайтып үстел үсті шамын жағып қолдануды балаларға үйретеді, содан соң балаларға сусын сыққышпен жемістерді сығып сусын береді, Балаларға тақпақ айтуды ұсынады және көңілді би ұйымдастырады | Заттармен танысады, өз білгендерін айтады, отбасында қандай құралдар қолданатынын әнгімелейді<br>Шам жағуды үйреніп, сусын ішіп тақпақ айтып биге қатысады |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларды мақтап, мадақтайды. | Істеген әрекеттер мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Электр заттармен танысады, өз білгендерін айтады.
**Түсінеді:** Шам жағуды үйренеді
**Қолдана алды:** Істеген әрекеттер мазмұны бойынша пікірлерін айтады.

02.07 — 13.07.18 ж.
Тексе.

## ШІЛДЕ АЙЫ - 3 апта
## Өтпелі тақырып: «Жайнай бер, Қазақстаным!»

| Апта күндері | Дүйсенбі күні 16.07 | Сейсенбі күні 17.07 | Сәрсенбі күні 18.07 | Бейсенбі күні 19.07 | Жұма күні 20.07 |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта тақырыбы | Көңілді жарыстар | | | | |
| Білім салалары | *Коммуникация* | *Шығармашылық* | *Денсаулық* | *Таным* | *Әлеумет* |
| **Таңертеңгі дидарласу:** уақыты 8⁰⁰-9²⁰ **Таңғы жаттығу,** **Таңғы ас уақыты**________ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Балалардың көңіл-күйін бақылай, өз бетінше ойнау жағдайын ұйымдастыру. (көлік, қуыршақ орталығы)<br>Таңғы жаттығу шілде айы 3-4 апта комплексі<br>Жуыну, тамақ ішу гигиеналық дағдыларын жітілдіру. Дастархан басында отыру әдебін сақтауды дамыту. | | | | |
| **Оқу қызметтер:** уақыты 9²⁰-10¹⁰ | **Драма** Ұзын бойлы қуыршақтармен балалардың сүйікті ертегісін айтып беру. | **Аппликация** Құтықтау хат (сәндік жапсыру) | **Дене шынықтыру** Бір орыннан ұзындыққа секіру | **Құрастыру** Жарыс жүлдесі ретінде берілетін жұлдыздар жасау | **Экология** Дәрумендi жеміс жидектер мен көкөністер туралы түсінік беру. Жарысқа қатысу үшін дәрумендердің маңыздылығын түсіндіру. |
| **Серуен** уақыты 10¹⁰-12⁵⁰ | Бақылау және танысу: | | | | |
| | **Еңбек** Тігінші мен аспаздың еңбегімен танысу, жемістерден жазғы салат жасау. | **Табиғат** Судағы балықтардың тішілігімен таныстыру, бақылату | **Суретшілер студиясы** Көліктер мен әсем үйлердің суретін салуды қалыптастыру | **Жәндіктер, жабайы аңдар** Ыстық жақта мекендейтін Африкадағы аңдармен таныстыру, үй жануарларымен салыстыру | **Сәлетшілер үйірмесі** Құрастыру материалдарынан түрлі көпірлерді құрастыру, құмнан мұнара жасауды үйрету. |
| | ойындар:<br>Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын.<br>«Біз билеуді ұнатамыз» атты би жарысын ұйымдастыру. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар Түскі ас** уақыты 12⁵⁰-13²⁰ **Ұйқы** уақыты 13²⁰-15¹⁰ | Серуеннен кейін жуыну процедурасын ұқыпты орындауды бақылау.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, сүлгіні өз орнына ілуді үйрету.<br>Дастархан жасауда кезекшілік қызметін атқаруға үйрету. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау. Тамақтан соң ауызды сумен шаюға дағдыландыру.<br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Жинап н\е іліп қою тәртібін сақтауды қалыптастыру, жетілдіру. Өзінің жатын орнын дайындап, түскі ұйқыға жату. | | | | |
| **Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты** 15¹⁰-16⁰⁰ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыруды.<br>Ригалық әдісімен балаларды сауықтыру.<br>Киінгенде ретін сақтап киінуді дамыту. Киімдерін ұқыпты, тез киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Айнаға қарап сәндеуді қалыптастыру.<br>Тамақтану талаптарын орындап тамақтануды қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен шығармашылық ермек ойындар,** 16⁰⁰-17⁴⁰ **уақыты** | «Не жедім, тауып ал» қ/о | «Хан талапай»қ/о | «Ақсерек көксерек»қ/о | «Сақина жасыру»қ/о | «Мысық пен тышқан» қ/о |
| **Үйге оралу** | 18⁰⁰-19⁰⁰ | | | | |

**№5 технологиялық карта**

күні 20.07.

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»
**Ұйымдастырытылған оқу қызмет:** Экология
**Тақырыбы:** Көңілді жарыстар
**Мақсаты:** Дәруменді жеміс жидектер мен көкөністер туралы түсінік беру. Жарысқа қатысу үшін дәрумендердің маңыздылығын түсіндіру.
**Көрнекілігі:** Дәрумендер, қарбыз, жүзім, алма, сәбіз сусыны

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс әрекеті** | **Балалардың іс әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларға кезегімен допты лақтырып, қайта алу арқылы «Бақшада, бауда не өседі?» жылдам ата ойынын ойнату | Бау - бақша өнімдері жайлы білетіндерін айтады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Бауда жүзім, бақшада сәбіз бен қарбызға тоқталу.Олардың дәруменді қуаты бар деп түсіндіру. Олардың шырынынан ем су дайындалатынын слайдтар (суреттер) арқылы көрсетеді және оларды қандай аурумен ауырғанда қолданатынын айтады. Жарысқа қатысу үшін дәрумендердің маңыздылығын түсіндіру. «Дәмінен таны» диактикалық ойын | Дәруменді сусынмен қалай емделуге болады түсінетін болады |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балалардын жұмысын қорытады. | Істеген әрекеттер мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Бақшада бауда нелер өсетінін
**Түсінеді:** Бауда жүзімді бақшада сәбіз өсетінін
**Қолдана алды:** Дидактикалық ойында.

16.07 — 20.07.18 ж.
Текс [signature]

# ШІЛДЕ АЙЫ - 4 апта
## Өтпелі тақырып: «Жайнай бер, Қазақстаным!»

| Апта күндері | Дүйсенбі күні 23.07 | Сейсенбі күні 24.07 | Сәрсенбі күні 25.07 | Бейсенбі күні 26.07 | Жұма күні 27.07. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта тақырыбы** | Теңіздер мен мұхиттар әлемінде | | | | |
| **Білім салалары** | ***Коммуникация*** | ***Шығармашылық*** | ***Денсаулық*** | ***Таным*** | ***Әлеумет*** |
| **Таңертеңгі дидарласу:** уақыты 8⁰⁰-9²⁰ **Таңғы жаттығу,** **Таңғы ас уақыты** 9²⁰-10¹⁰ | Тәрбиешімен сәлемдесу. Балалардың көңіл-күйін бақылай, өз бетінше ойнау жағдайын ұйымдастыру. (көлік, қуыршақ орталығы)<br>Таңғы жаттығу шілде айы 5 апта комплексі<br>Жуыну, тамақ ішу гигиеналық дағдыларын жітілдіру. Дастархан басында отыру әдебін сақтауды дамыту. | | | | |
| **Оқу қызметтер:** уақыты_________ | **Сөйлеуді дамыту** Теңіздер мен мұхиттар жайлы айтып беру. Суреттер бойынша әңгіме құрау | **Мүсіндеу** Судағы балықтар мен құстарды мүсіндеу | **Қауіпсіз мінез құлық негіздері** Су және тазалық құралдары | **Жаратылыстану** «Лас суды тазарту» (тәжірибелік іс-әрекет)Балаларға суды тазарту туралы түсінік беру.Тәжірибелік-зерттеу әрекетін меңгеру. | **Қоршаған ортамен таныстыру** Судың адам өміріндегі және өсімдіктер тіршілігіндегі маңыздылығы |
| **Серуен** уақыты 10¹⁰-12⁵⁰ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | **Қуыршақ театры** «Үш торай» ертегісі үстел үсті театры | **Гүлдер.** *«Гүлдерге күтім жасау»* бөлме гүлдерін суғару, топырағын қопсыту, аула гүлдерін тамашалау | **«Сайқымазақ өнері»** Ғажайып фокустарды тамашалау | **«Үй жануарлары»** Түйе, ат, сиыр малдарының пайдасын әңгімелеу, олар жайлы білетін ертегілерін айтқызу. | **Ауа райы Табиғат** Арық, бұлақ, өзен, көлді тамашалау олар жайлы өз білгендерін әңгімелету . |
| | ойындар: | | | | |
| | «Арулар шеруі » ата аналармен бірге ұлттық киімдердің шеруін ұйымдастыру.<br>Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| **Гигиеналық Шаралар Түскі ас** уақыты 12⁵⁰-13²⁰ **Ұйқы** уақыты 13²⁰-15¹⁰ | Серуеннен кейін жуыну процедурасын ұқыпты орындауды бақылау.<br>Топта ағын сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін өзінің жеке сүлгісімен құрғатып сүртуді, сүлгіні өз орнына ілуді үйрету.<br>Дастархан жасауда кезекшілік қызметін атқаруға үйрету. Тамақты ретімен дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау. Тамақтан соң ауызды сумен шаюға дағдыландыру.<br>Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Оны іліп қою тәртібін сақтауды қалыптастыру, жетілдіру. Өзінің жатын орнын дайындап, түскі ұйқыға жату. | | | | |
| **Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты** 15¹⁰-16⁰⁰ | Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыруды.<br>Ригалық әдісімен балаларды сауықтыру.<br>Киінгенде ретін сақтап киінуді дамыту. Киімдерін ұқыпты, тез киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Айнаға қарап сәндеуді қалыптастыру.<br>Тамақтану талаптарын орындап тамақтануды қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен шығармашылық ермек ойындар,** 16⁰⁰-17⁴⁰ **уақыты** | «Тез орныңа жет» қ/о | «Құрлар»қ/о | «Біз көңілді баламыз»қ/о | «Фигура жасап шық»қ/о | «Тракторшылар» қ/о |
| **Үйге оралу** | 18⁰⁰-19⁰⁰ | | | | |

## №1 технологиялық карта

күні 23.07.

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»
**Ұйымдастырытылған оқу қызмет:** Сөйлеуді дамыту
**Тақырыбы:** Теңіздер мен мұхиттар әлемінде
**Мақсаты:** Теңіздер мен мұхиттар жайлы айтып беру. Суреттер бойынша әңгіме құрау
**Көрнекілігі:** теңізі, мұхиттардың суреттері.

| Оқу қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Шаттық шеңбері. Балалар біз алыс жаққа саяхатқа баратын болсақ немен барамыз?<br>Көліктердің қандай түрлерін білесіңдер? | Көлікпен<br>өздері білетін көліктерді атайды |
| **Іздену-ұйымдастырушы** | Жерде жүретін, суда жүретін және ауада жүретін.<br>Балаларға әр түрлі көліктердің суреттерін көрсетіп, олардың қасиеті мен ерекшеліктері туралы сипаттап беруін сұрау<br>Суда жүретін көліктер судың астымен, үстімен жүретін кемелер, қайықтар және су мотоциклдерінің суретін көрсетіп, таныстыру. Балалар бүгін біз теңіздер мен мұхиттар әлеміне саяхатқа шығамыз деп суреттер көрсету. Суретте не көріп тұрғандарын сұрау.<br>Теңіз дегеніміз не және мұхит дегеніміз не екенін түсіндіру.<br>Сергіту сәті<br>Өзен болып гүрілдейміз<br>Теңіз болып тол қимызып<br>Бұлақ болып бұрқылдаймыз<br>Ешқашанда саркылмаймыз<br><br>Дидактикалық ойын «Топтастыр» балаларды үш топқа бөліп ортада тұрған карточкаларды жерде, суда, әуеде жүретін көліктерге бөлу | Сұрақтарға жауап беріп, әңгімелейді.<br><br>Сергіту сәтін жасайды |
| **Рефлексивті коррекциялаушы** | Балалардан қандай көлік түрлерімен танысқандарын сұрау. Мақтап, мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Көліктердің қай жерде жүретінін.
**Түсінеді:** Көліктердің қасиеттерін.
**Қолдана алды:** Өздері білетін көлік түрлерін.

## №2 технологиялық карта

күні 24.07.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу
**Тақырыбы:** «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»
**Мақсаты:** Судағы балықтар мен құстарды мүсіндеу
**Көрнекілігі:** Балықтар жайлы слайд

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс -әрекеті | Балалардың іс -әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларға алтын балық ертегісін еске алуды ұсыну (суретін көрсету арқылы) | Ертегіні желісін бұзбай айтады |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Содан соң балалардан сұрайды сендерге алтын балық жолықса одан не сұрар едің деп.Балалар сұраныстарын айтып болған соң балаларға дайындалған түрлі түсті бояуларды, қағазды қолданып саусақтарымен өздерінің қиялындағы арманын орындайтын алтын балықты мүсіндеуді ұйымдастырады. | Сұраныстарын айтып, өз қиялындағы алтын балықты саусақтарымен қағаз бетіне салады |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші балалардың жұмысын қорытып мақтап, мадақтайды. | Салған суреттері бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Алтын балық ертегісін айтып беру.
**Түсінеді:** Алтын балық арманды орындайтынын.
**Қолдана алды:** Өз қиялындағы алтын балықты мүсіндеу.

**№ 3технологиялық карта.**

күні 25.07.

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Қауіпсіз мінез құлық негіздері»

**Тақырыбы:** «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»

**Мақсаты:** Су және тазалық құралдары

**Көрнекілігі:** Сабын, су сабын, тіс щеткасы.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балалар шаттық шеңберіне жиналайық. Бір - бірімізбен амандасайық, жақсы тілектер айтайық<br><br>Балалар біздің деніміз сау, көңіліміз көтеріңкі болу үшін біз денсаулығымызға күтім жасауымыз керек иә.<br>Күтім жасау үшін біз қандай құрадарды пайдаланамыз?<br>Осы кезде топқа «Тазалық ханшайымы келеді». Балалармен сәлемдеседі де жылайды.<br>- «Балалар маған көмектесіңдерші менің патшалығымды микроптар жаулап алды, ал мені патшалықтан қуып жіберді»- дейді<br>Тәрбиеші жылама ханшайым біздің балалар саған көмектеседі<br>Көмектесеміз бе балалар? | Балалар шеңберге тұрады. Сәлемдесіп, жақсы тілектер тілейді. Иә<br><br>Сабын, су сабын, тіс щеткасы және т.б<br>Сәлемдеседі<br>Жұбатады<br>Қорықпа біз саған<br><br>Көмектесеміз дейді. |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Осы кезде топқа микроптар келеді.( жағымсыз бейнелер бейнеленген әр түрлі шарлар )<br>-«Сендер ханшайымға көмектесе алмайсыңдар мен оған жол бермеймін» дейді.<br>Тәрбиеші біз ханшайымға қалай көмектесу керектігін слайд (немесе бейне фильм) арқылы көріп алайық деп ұсынады. Қолымыз кір болса онда микроп болады, ол ауыз арқылы ағзаға түсіп, ауру шақырады.Ал сабыннан микроп қорқады екен. Балалар сендер түсіндіңдерме тазалық құралдары не үшін қажет екендігін.<br>Қане балалар тазалық құралдарын алып келіңдер деп тапсырма береді.<br>Әр тазалық құралын алып келген сайын бір шардан жарылады.<br>Тазалық ханшайымы рахметін айтып балаларды ойын ойнауға шақырады.<br>«Денсаулық мұнарасы» дидактикалық ойын | Балалар микроптарды жеңеміз дейді<br>Балалар слайдты көреді.<br><br>Тазалық құралдарын әкеледі.<br><br>Ойынға қатысады. |
| Рефлексивті түзетушілік | Тазалық ханшайымымен қоштасып, тәрбиеші балаларды мақтап, мадақтап. Оқу іс әрекетті қорытындылайды. | Балалар қоштасады, бүгінгі алған білімдері мен әсерлерін әңгімелейді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Денсаулыққа күтім жасау керектігін.

**Түсінеді:** Тазалық құралдарын; Сабын, су сабын, тіс щеткасы.

**Қолдана алды:** Қолымыз кір болса, ауыз арқылы ағзаға түсіп ауру шақыратынын.

**№ 4 технологиялық карта.**

күні 26.07

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Жаратылыстану»

**Тақырыбы:** «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»

**Мақсаты:** «Лас суды тазарту» (тәжірибелік іс-әрекет)Балаларға суды тазарту туралы түсінік беру.Тәжірибелік-зерттеу әрекетін меңгеру.

**Көрнекілігі:** Табиғи таза су. және ластанған су.

| Оқу қызметтің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті. | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Арайлап таң атты<br>Арайлап күн шықты<br>Жылуын сыйлайды<br>Қайырлы күн балалар!<br>Жылы жүзбен бір-бірімізге әдемі жылы сөз сыйлайық. Деп балаларға сурет көрсетеді<br>осыған қарап су қасиеттерін атап беріңдер<br> | Балалар шеңбер болып тұрып. Шаттық шеңберін жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Су кімге қажет? | Сурет бойынша әңгімелеп беру. |
| Ұйымдастырушы-ізденуші | «Лас суды тазарту» тәжірибелік-зерттеу жұмысын жасауға шақырады .<br>Балаларға бір шағын түссіз<br>Шыныларды ұсынады оған мөлдір су құйғызады оның ішіне бір шөкім топырақ салдырып ластанған су жасатады. Ал енді оны тазарту үшін басқа түссіз шағын ыдыс бетіне сүзгі қойып оның ішіне дәкені төрт бүктеп төсеп ластанған суды құйып бақылау жасау. Сүзгіден тамшылап аққан таза суды бақылау тамашалап зерттеу жұмысын қорытады <br>Сергіту сәті<br>Дидактикалық ойын «Су қайда мекендейді»<br>Тәрбиеші карточкаларда суреттер көрсетеді балалар ол суреттер су мекендейтін жерлерді атап отырады | Зерттеу жұмысына мұқият қарау.<br><br>Ойынға қатысады. |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Оқу қызметті қорытып .Балаларды мақтап мадақтайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Сурет бойынша әңгімелеуді.
**Түсінеді:** Су барлық адамдарға қажет екенін.
**Қолдана алды:** Суды ластауға болмайтынын.

**№ 5 технологиялық карта.**
күні 27.07.

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Қоршаған ортамен таныстыру»
**Тақырыбы:** «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»
**Мақсаты:** Судың адам өміріндегі және өсімдіктер тіршілігіндегі маңыздылығы
**Көрнекілігі:** Өсімдіктердің суреттері.

| Әрекет кезендері | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалармен шаттық шеңберін ұйымдастырады.<br>Балаларға ыдыстағы суды көрсетеді. | Шаттық тілектерін бір - біріне айтады. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Балалар бұл не?<br>Суды біз не үшін пайдаланамыз?<br>Судың дәмі қандай?<br>Балаларға стакандарға кішкенеден су құйып беріп, дәмін татқызады.<br>Суды мұздатқышқа салса қатып мұз болатынын айтады, мұзды көрсетеді. Судың қасиеттеріне тоқталады.<br>Жағажайдың суретін көрсетіп, адамдардың не істеп жатқанын және судың пайдасы туралы сұрайды.<br>Құрғақшылық, шөл даланың суретін көрсетіп су болмағанда табиғатта қандай өзгерістер болатынын айтып, көрсетеді.<br>Су қалай қорғауға болады?<br>Ол үшін не істеуіміз керек?<br>Дидактикалық ойын «Дұрыс бұрыс». Аулаға шығып гүлдерге су құяды. | Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Судың дәмін көріп, әңгімелейді.<br><br>Судың қасиеттерін тамашалайды.<br><br>Суды қорғау үшін не істеу керектіктерін айтады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларды мақтап, мадақтайды. | Істеген әрекеттер мазмұны бойынша пікірлерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Өсімдіктерге жиі су құйып тұру керектігін.
**Түсінеді:** Судың қасиеттерін түсінеді.
**Қолдана алды:** Суды қорғау үшін не істеу керектігін.



23.07 — 27.07.18.
Теке [signature]

## ТАМЫЗ АЙЫ - 1 апта
## Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

| Апта күндері | Дүйсенбі күні 30.07 | Сейсенбі күні 31.07 | Сәрсенбі күні 1.08 | Бейсенбі күні 2.08 | Жұма күні 3.08 |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта тақырыбы | Жабайы табиғат әлемі | | | | |
| Білім салалары | *Коммуникация* | *Шығармашылық* | *Денсаулық* | *Таным* | *Әлеумет* |
| Таңертеңгі дидарласу: уақыты 8⁰⁰-9²⁰<br>Таңғы жаттығу,<br>Таңғы ас уақыты________ | Балалабақшаға көңілді келу, дидарласу. Тәрбиешіден көмекке мұқтаждығын сұрау, көмектесу. Таңғы асқа дейін өзінің қалауы бойынша пайдалы іс -әрекеттерді орындау, ойнау. Достарымен әңгіме дүкен құру<br>Таңғы жаттығу 1-2 апта комплексі<br>Тамақтану алдында ескертусіз қолын жуу. Үстел басында дұрыс отырып, мәдени гигиеналық талаптарды орындап тамақтану. | | | | |
| Оқу қызметтер: уақыты 9²⁰-10¹⁰ | **Көркем әдебиет**<br>Ғажап жануарлар әлемі шығарманың жалғасы мен соңын ойлап табу | **Музыка**<br>Көңілді музыкаға сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру | **Дене шынықтыру**<br>Арқан үстінде жасалатын жаттығулар | **Құрастыру**<br>Қағаз цилиндрлерден оларды қосу әдісімен жануарларды жасай білуді үйрету | **Экология**<br>Жануарлар әлеміне сүйіспеншілікті тәрбиелеу |
| Серуен уақыты 10¹⁰-12⁵⁰ | **Бақылау және танысу:** | | | | |
| | **Құстар**<br>Ата анамен бірге кол еңбегін ұйымдастыру. Суда жүзетін үйрек,қаз, аққу жайлы әңгіме жасату | **Желілі ойын**<br>«Шаштараз», «отбасы», «мектеп» ойын барысында балалардың арасында силастық, достық сезімін тәрбиелеу | **Сахналау**<br>Балалардың таңдау бойынша өткен сахналау көріністерін қайталау | **Киімдерге бақылау**<br>Ұлттық киімдерді киіп , түрлерімен танысуларын пысықтау.Қазақ халқының жазғы бас, аяқ, кеуде киімдерін әшекейлеу, өздері киіп жүрген киімдермен салыстырып сипаттауды қалыптастыру. | **Мультфильм Қимылды ойын (жаңа)**<br>Балалар ұнататын мультфилімін көрсету, мазмұнын әңгімелету. |
| | ойындар:<br>Балабақшаға жақын орналасқан мектепке саяхатты ұйымдастыру.<br>Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру. | | | | |
| Гигиеналық Шаралар<br>Түскі ас уақыты 12⁵⁰-13²⁰<br>Ұйқы уақыты 13²⁰-15¹⁰ | Серуеннен кейін беті қолын мойнын, беліне дейін салқын сумен жуу. Жуыну кезінде тәртіп сақтап, өзін- өзі ұстау дағдысын дамыту.<br>Топта ағын сумен қолын сабындап таза жуу, бетін жуғанда ұқыптылық танытып суды шашпай жуыну. Сүлгіні тиімді, дұрыс пайдалану.<br>Дастарханды дайындауда кезекші болу. Кезекші болудың ережесі мен міндеттерін түсініп, оны сақтауды қалыптастыру. Тамақтардың ыдыстарын тани білу. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақтарды мәдениетін пысықтау. Тамақтан соң ауызды сумен шаю.<br>Жүйелі түрде өз орындығына киімдерін шешу. Киімдерін ретпен шешіп, іліп қою. Өзінің төсек орнына түскі ұйқыға ескертусіз жату. Түскі ұйқының мағыздылығын түсіндіру. | | | | |
| Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты 15¹⁰-16⁰⁰ | Ұйқыдан оянып өз бетінше керілу жаттығулар жасау. Төсектерін ұқыпты жинап, әр түрлі (түймелер, моншақтар, тастар және т.б) кілемшелер үстімен жүре отырып жаттығулар жасау арқылы денсаулығын сауықтыру<br>Киімдерін асықпай ретімен кию. Достарының киіміндегі кемшіліктерді жөндеп, көмек көрсету. Киімдерінің үйлесімділігіне назар аудару. Қыз балалар шаштарын әр түрлі қылып жинап алу, достарының шаштарын жинауға көмектесу.<br>Тамақтану алдында және қолы кір болған кезде тәрбиешінің нұсқауынсыз-ақ өз бетінше қолды сабындап жуу. Таза және ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде әдептілік таныту. | | | | |
| Серуен шығармашылық ермек ойындар, 16⁰⁰-17⁴⁰ уақыты | «Қыз қуу» қ/о | «Түйілген орамал»/о | «Соқыр теке» қ/о | «Жіптен секіру» қ/о | «Өрт сөндірушілер» қ/о |
| Үйге оралу | 18⁰⁰-19⁰⁰ | | | | |

**№1 технологиялық карта**

күні 30.07

**Білім беру саласы:** «Коммуникация»

**Ұйымдастырытылған оқу қызмет**: Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** Жабайы табиғат әлемі

**Мақсаты:** Ғажап жануарлар әлемі шығарманың жалғасы мен соңын ойлап табу

**Көрнекілігі:** табиғаттың суреті.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалармен жылулық шеңберін жасайды<br><br>Ойын: «Ұшты-ұшты».<br>Ойннан соң «Кітап орталығында» топқа хат келгенін хабарлап балаларға көрсетеді. | Армысың, асыл күн!»<br>Армысың, асыл жыр!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br><br>Ойынға қатысады.<br>Хатты ашып оқуын сұранады. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Хат ішінде әр түрлі жануарлар суреті болады ( аю, түлкі,қасқар, қоян, жолбарыс, мысық, ит, сиыр, ат) әр балаға бір суреттен беріп ол жануар үй жануар ма әлде жабайы жануар екенін ажыратып, сол жануар жайлы әнгіме жасайды. Балалардан бұл жабайы аңдарда қандай қасиеттер бар деп сұрайды<br>Жолбарыс мінезі қандай.........<br>Түлкі мінезі қандай.........<br>Піл мінезі қандай.........<br>Жираф мінезі қандай..........<br>Крокодил мінезі қандай..........<br>Дидактикалық ойын «Қай жануар немен қоректенеді»<br>Бегемот............Қасқыр...........АЮ............Арыстан.........<br>Қоян...................<br>«Танып ал да, атын ата» Балаларға әртүрлі ойыншық жануарларды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. | Хаттың ішінен шыққан түрлі жануарлардың суретін тамашалайды.<br><br>Ойынға белсене қатысады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балалардың білімін қорытып, іс әрекеттерін бағалап мақтайды | Бір - бірімен істегенін жұмыстарын әңгімелейді, ең пысық балаларды атайды,жақсы жұмысты неліктен жақсы деп санайтындарын айтады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** балаларға ойын ойнатып түсініктерін

**Түсінеді:** ойыншықтың түсін, пішінін

**Қолдана алды:** жануарларды ажырата білуді.

**№ 3технологиялық карта.**

күні 31.07

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Дене шынықтыру»

**Тақырыбы:** Жабайы табиғат әлемі

**Мақсаты:** Арқан үстінде жасалатын жаттығулар

**Көрнекілігі:** арқан

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс әрекетідап | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | **Жүру, жүгіру жаттығулары :** Жай және жылдам жүру, кедергілер арасымен жүгіру, оң жақ сол жақ жанымен адымдап жүру. Алға қарап тез, кері қарай баяу жүгіру<br>**Жан жақты дамытушы жаттығулар** циклограмма журналындағы жаттығулар кешенін қайталау | Жаттығуларды ұқыпты орындайды |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Негізгі қимыл:**<br>Сапқа тұру. Арқан үстімен адымдап бір қырымен жүру, 40 см қашықтықа қойылған шығырдан секіру. Екі қатарға қарамақарсы тұрып допты бір біріне лақтыру, қағып алу<br>Қимылды ойын «Асық алу» | Тәртіп сақтап ойнайды |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балаларды мақтап, мадақтайды. | Іс әрекеттерін бағалайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Жай және жылдам жүруді

**Түсінеді:** Арқан үстімен жүруді

**Қолдана алды:** Қимылды ойын арқылы қолдана алады.

## № 4 технологиялық карта.

күні 1. 08

**Білім беру саласы:** «Таным»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Құрастыру»
**Тақырыбы:** Жабайы табиғат әлемі
**Мақсаты:** Қағаз цилиндрлерден оларды қосу әдісімен жануарларды жасай білуді үйрету
**Көрнекілігі:** пішіндер, картон қағазы.

| **Оқу қызметтің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті.** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Шаттық шеңберден соң балалар мен дидактикалық ойын ойнайды «Жануарларды бөл»<br>• үй жануарлары<br>• жабайы жануарлары<br>Жануарларды бөлген соң оларға құрылыс материалынан қоршаулар жасатып сол жерге орналастырады. Ал енді қағаздан жануарларды жасауды үйретемін деп балаларды орындарына отырғызып,<br>қоян мен әтешті жасап үйренеміз бе? - деп жасау жолдарын үйретеді | бірге құрастыруға келіседі, әсеріне қанады.<br>  |
| Ұйымдастырушы-ізденуші | Қағазды бүктеу әдістерін көрсету арқылы жануарларды жасатады . Жұмыстарын аяқтаған соң оны текшеге орналастырып қаратады | Бүктеу жолымен құрастырады. |
| Рефлексивті коррекциялаушы. | Балалардың жұмыстарын салыстырып мақтап мадақтайды | Өздері жасаған жұмыстары туралы әңгімелейді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Үй жануарын ажырата біледі
**Түсінеді:** Қағаздан жануарларды жасауды.
**Қолдана алды:** Жабайы жануарларды біледі.

## № 5 технологиялық карта.

күні 2. 08

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»
**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** «Экология»
**Тақырыбы:** Жабайы табиғат әлемі
**Мақсаты:** Жануарлар әлеміне сүйіспеншілікті тәрбиелеу
**Көрнекілігі:** табиғаттың плакаттары.

